

AQTÖBE OBLYSYNYŇ TILDERDI DAMYTU BASQARMASY
TILDERDI OQYTU ORTALYĜY



TILDERDI OQYTU: IZDENIS JÄNE ÄDISTEME


aqparattyq-ädistemelik jurnal

№4 (26)



2021-jyl
27-jeltoqsan

«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал



Меншік иесі: «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

Бас редактор: М.Ысқақов

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

Басылым мерзімділігі:
3 айда 1 рет

№4 (26) саны
26-желтоқсан, 2021 жыл

Таралымы: 100 дана
Тапсырыс: №201

Баспахана ағауы:
«Хабар-Сервис» ЖШС
Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.
Тел.: 8 (7132) 545–545, 400–400.
E-mail: info.khabar@mail.ru

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А».
Тел./факс: 8 (7132) 41-69-34.
E-mail: ortaluktil@mail.ru

*Авторлардың стилі,
орфографиясы сақталады.
Ақпараттардың нақтылығы
мен ақиқаттығына редакция
жауап бермейді.*

МАЗМҰНЫ

<i>К.Х.Сергазина</i>	Редактор бағаны.....	5
«ТІЛТАНЫМ»		
<i>А.С.Қушқимбаева</i>	Әлихан Бөкейхановтың Абай мұрасын танытудағы рөлі.....	7
<i>А.Қ.Айтбенбетова</i>	Көркем шығарманы цифрлық технология негізінде оқытудың тиімділігі, әдіс-тәсілдері, стратегиялары.....	9
<i>В.О.Уалиева, А.С.Мұхтарова</i>	Инновациялық әдістер мен технологияларды оқу үдерісінде қолдану.....	11
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»		
<i>Н.Ж.Хасенов</i>	Жаңғырудың жарқын жолы.....	14
<i>Г.М.Әлімбаева</i>	Латын әліпбиі-қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.....	16
<i>Е.С.Егізбаев</i>	Мемлекеттік тіл-мемлекеттік қызметте!.....	17
<i>А.Ж.Дусипова</i>	«Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің жаңа белесі» атты ақпарат сағатының есебі.....	18
<i>А.Е.Алибаева</i>	Тәуелсіздік жетістіктері.....	19
<i>Б.К.Калиева</i>	«Тәуелсіздік тұғыры-тіл».....	20
«ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕ»		
<i>А.А.Қудайбергенова</i>	«Национальная идея «Мәңгілік ел» на уроках русского языка и литературы» в классах с казахским языком обучения.....	21
<i>Б.Кобдабаева, Г.Адилканова, Р.Байжанова</i>	Қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері.....	24
<i>М.К.Камысбаева</i>	Жаңартылған білім беру аясында мектепке дейінгі балалардың тілдік дамытуда ойынның тиімділігі.....	25
<i>М.М.Хасен</i>	Физика пәнін үш тілде оқыту – жаңашылдықтың бастауы.....	26
<i>М.А.Шудабаева, Н.Б.Тайпақова</i>	Қазақ түсінігіндегі эмоционалды интеллект ұғымы.....	28
«ҮЗДІК САБАҚ»		
<i>Г.Н.Төлегенова</i>	Қазақ тілін оқытуда ақпараттық-технологияларды қолданудың озық әдіс-тәсілдері қарапайым деңгейі: ай және апта күндері.....	30
<i>А.С.Темирова</i>	«Ойын технологиясын онлайн қолдану арқылы қазақ тілін үйрену әдістемесі».....	32
<i>А.С.Сугурбаева</i>	Абай Құнанбайұлы. «Ескендір» поэмасы.....	33
<i>Zh.Zhienbayeva</i>	Days of the week.....	35
<i>М.К.Нечаева</i>	Абай Құнанбаев. Этико-нравственный императив поэта-гуманиста.....	37
<i>L.T.Kolashova</i>	Films. Types of films.....	39

Ж.П.Ажниязова	Горести и радости рождественской ночи	43
С.Әйтенова	Қазақ ғарышкерлері	45
М.А.Бектengalieva	Why are some traditions and languages disappearing?	50
Б.К.Калиева	«Едіге батыр» эссе	53
Р.У.Баизханова	Cities and countries.....	55
К.Зheksenbai	My clothes and things	60
А.Н.Кереймаганбетова	Ардақты ат	63
Г.Б.Байсакалова	Почему надо охранять природу	66
А.Б.Алманова	Я әрпінің жазылуы.....	68
А.О.Бекпанова	Дауыссыз дыбыстардың түрлері	70
А.С.Бегманова	Еңбек ер атандырады.....	71
Б.К.Арызгулова	Қазақстан республикасының телеарналары.....	75
Д.А.Уталиева	Искусство звука в казахской народной сказке «Мастер Али»	78
Р.О.Есимова	І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы.....	82
С.Аманкелдина	Менің талпыныстарым	85
А.Махмутова	«Тапқыр достар» сайысы	87
Л.Қ.Ормаханова	Табиғи ресурстар-ел байлығы	88
Ж.М.Жапақова	Көшпелілер-жауынгер халық.....	92

«ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ»

Б.Т.Буркутова	Қош келдің, Наурыз!.....	94
А.Ж.Калкаева	Алтын күз	95
М.К.Қа5мысбаева	«Балаларды ХХІ ғасырға мен қалай дайындаймын?».....	97
Ж.Е.Абдуллина	Путешествие в страну независимости.....	98
Ә.А.Сәрсенбаева	«Менің отбасым»	99
А.А.Абдаловна	Сиқырлы сандар.....	102
	Хабарландырулар тақтасы	104

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Біздің мақсат - тілдерді оқыту



К.Х.Серғазина, Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы директоры

«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатынын кезеңі келеді деп есептеймін.»

Қ.К.Тоқаев,

Қазақстан Республикасының Президенті

Облысымыздың ересек тұрғындарына тілдерді оқытуды жүзеге асыратын Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы қосымша білім беру нарығында он төрт жыл қызмет етіп келеді. Ақтөбе қаласындағы тілдерді оқытатын көптеген басқа да орталықтардан басты ерекшелігі – мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін тегін оқытуы, облыстың өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған 6 ауданында (Хромтау, Алға, Мәртөк, Қарғалы, Қобда, Мұғалжар аудандары) жабдықталған оқыту кабинеттері, жеткілікті оқу - әдістемелік қоры, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралары, өзінің баспа өнімдері, ақпараттық кеңістікті игерудегі ашықтығы.

Тілдерді оқыту орталығы оқыту үдерісін Ұлттық стандартқа сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама» (қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі) негізінде 5 деңгей бойынша жүзеге асырып, оқу үдерісі Zoom, X-rekorder, Skype, WhatsApp, Telegram арқылы онлайн және офлайн режимінде жүргізеді. 2021 жылы оқытумен барлығы 2 118 адам қамтылды, соның ішінде:

- мемлекеттік тіл – 1 800 адам (22% өзге ұлт өкілдері);

- ағылшын тілі – 318 адам.

Тіл үйренушілердің білімі «ҚазТест» жүйесі бойынша бағаланып, көрсеткен деңгейіне сай сертификаттар табысталады. Өз бетімен тіл үйренемін деген ынталы адамдар үшін тілдерді оқыту орталығының «Til – Aktobe.kz» сайтына мемлекеттік және ағылшын тілдерін қашықтан оқыту материалдары енгізілген. Сонымен қатар «Тағылым», «Шежіре», «Қазақ тілі – БАҚ беттерінде», «Білімді шыңда!», «Ағылшын тілін өзіңнен баста» рубрикалары мен «Тілтаным» латын графикасын үйрету сабақтары бар. Интернет желісінде инстаграм, фейсбук, #AktobeLatyn парақшаларында орталықтың тыныс-тіршілігі туралы үнемі мол ақпарат жарияланып отырады. Орталық сайтының қаралымы – 471 978, тіркелімі – 134 457 адам.

Тілдерді оқыту орталығының педагогикалық ұжымы ғылыми-әдістемелік жұмыстарға ерекше назар аударып келеді. 2021 жылы 321 тілдік түрлі іс-шара ұйымдастырылып, оның 98% онлайн форматта өтті.

Соның ішінде:


- халықаралық – 4;
- республикалық – 11;
- облыстық – 306 іс-шара.

Латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді түсіндіру-насихаттау мақсатында 135 іс-шара өткізіліп, 8 200 адам қамтылды. Аталған іс-шаралар аясында Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарындағы әріптестерімізбен әдістемелік тәжірибе алмасып, педагогикалық байланысты нығайттық.

Әдістемелік жұмыстың бір тармағы - оқыту бағытындағы өнімдерді дайындау, баспадан шығару. Орталық оқытушыларының тілдер әдістемелік мәселелеріне арналған 79 өнімі жарық көрген екен. Оның ішінде:

- оқу құралы – 23,
- әдістемелік құрал – 31,
- балаларға арналған әдебиет – 18,
- электронды оқу құралы – 7.

Баспасөз айдынында өзіндік бағыт-бағдары айқындалған «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдісте-



ме» ақпараттық-әдістемелік журналы 2014 жылдан бастап жарық көреді. Басылымның атауы айтып тұрғандай, басты мақсаты - қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру, озық педагогикалық тәжірибені насихаттау және тіл оқытушыларына, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету.

Орталық құрылғаннан бері меншік түріне қарамастан 24 362 дана кітап (түрлі сөздіктер, тіл үйретуші оқулықтар, журналдар, т.б.) тегін таратылды. Атап айтсақ, биыл Сарыжар жалпы білім беретін орта мектепке, Халықаралық «Қазақ тілі»

қоғамының Орынбордағы өкілдігіне мемлекеттік тілді меңгеру үшін оқу-құралдары сыйға тартылды.

Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату - әрбір қазақстанның абзал борышы. Біздің ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен ұлттық мәдениетіміз тілімізде жатыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда өз қызметін абыройлы атқарып келе жатқан Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы тиімді әдіс-тәсілдер, тың жобалар, озық педагогикалық тәжірибесімен болашаққа сеніммен қарайды.

«ТІЛТАНЫМ»

Әлихан Бөкейхановтың Абай мұрасын танытудағы рөлі

А.С.Кушкимбаева, PhD., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті қазақ филологиясы кафедрасының доценті

Тілімізде «Ұлы» деген сөз бар, бұл сөз кез келген тіркеске қосақтала бермесе керек. Ұлы деген сөзді естісек, бірден Абай есімізге түседі. Ұлы сөзі тек осы Абайға үйлесетіндей. Елдің қаншама танымал тұлғалары болса да, Абайдай ұлылықтың үлгісі қазақ тарихында болмақ емес. Абай – қазақ классикалық әдебиетінің негізін қалаушы екені белгілі, абайтану тарихының ұшар басында, ең тамырында алаш зиялыларының үлесі жатқаны белгілі. Алаш зиялыларының негізінде Абайдың есімі ерекше сипат алды. Тарихта ең алғаш кітап шығару, баспа ісі мәселелерінің XX ғасырдың басында өрбігені белгілі, осы ретте Абайдың алғаш өлеңдер жинағы 1909 жылы жарыққа шыққаны да анық. Алайда оның жарыққа шығуына ерен үлес қосқан бірден-бір күш – алаш зиялылары тарапынан жүргізілген игі істер деп білеміз. Бірақ осы шығармалар жинағының шығуына мұрындық болған Алаш көсемі, ақсақалы – Әлихан Бөкейханов еді. Зиялылардың атын атауға болмайтын сұрқия саясаттың салдарынан арыстарымыздың еңбегі былай тұрсын, мұрағат, тарихи деректердің өзі миф болып көрінді. Алайда тұлға, индивид, жалпы зиялылық елдің аяулы ұлдары тұрғанда жойылмақ емес. Жалпы Абай мен Әлиханның шығармашылық байланысы, олардың өзара сырласуы туралы деректік мәліметтер көп болғанмен, екі тұлға бір-бірін көрмеген, танымаған деректермен оқытылды. Зерттеулерге сүйенсек, олардың бірлесіп үлкен жұмыстар атқарып, шығармашылық байланыста болғанына көзіміз жетеді. Журналист-зерттеуші Б.Қойшыбаев еңбегінде: «Әлихан Бөкейханов орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір Бөлімінің Семей бөлімшесін ашуға белсене қатысты. Семейде ұлы ақын Абай Құнанбаевпен қатар статистика комитетінің мүшесі де болды» /1, 35/ делінсе, ал С.Аққұлы еңбегінде Әлихан Бөкейхановтың абайтану саласындағы ерен еңбегін айта ке-

ліп, тарихи деректермен тұжырымдайды /2, 16-50/. Жалпы, қазақ тарихында осы әлихантану еңбегіне ерен үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі – Сұлтанхан Аққұлы. Ғалым әлихантануға қатысты барлық деректер мен ғылыми пайымды жоғары деңгейде талқылаған. Сондай-ақ, отаршылдық дәуірдің өзінде де олардың көркем бейнесі әдебиетімізде қылаң берді. Мәселен, Абайдың замандасы Көкбай ақынның Әлихан Бөкейхановқа арнауын негізге алатын болсақ, Абай мен Әлиханның да рухани таныстығының болғанын байқаймыз. М.Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында Әзімқан Жабайқанов образы арқылы ұлт зиялысының асыл бейнесін жасайды. Әуезов ашық хат жазып аман қалып, өзі алаш идеясынан қанша қол үздім десе де, ар мен адалдықтың аманатынан аса алмай, алаш зиялысының бейнесін романында жасап кетті. Ал енді келесі бір Әлихан мен Абайдың көңілі мен ішкі рухани әлемінің жақындығын, екеуінің ұлт үшін игі бастамаларды көтеріп, бір-біріне қолдау көрсетіп, ерекше зиялылықтың үлгісін танытатын сюжеттерге ие шығарманың бірі – Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты тарихи роман-хамсасы. Бұл романда да ел естімеген, біле бермейтін тарихи фактілерді жазушы көркемдік шешіммен ұқсата білген. Абайдың тек алаш арыстарымен емес, сондай-ақ еш жерде айтылмайтын Шоқанмен кездесіп, білісіп, жүздесуі туралы ерекше сюжеттік деректілікті келтіреді. Жалпы әдебиеттану ғылымында тарихи-деректілік баян, тарихи шығарманың рөлі ерекше деп ойлаймыз. Әбіштің «Шандозын», Қажығалидің «Тар кезеңі», Мұхтардың «Желтоқсан эпопеясы» секілді тарихи шығармаларда көркем образдардың айрықша сипатты бейнесі көрінсе, осы «Абайдың жұмбағы» еңбегінде де Абай, Әлихан, Шоқан бейнелерінің тың, ерекше сипаты орын алады. Алаш зиялысының уақытпен кеңістік шеңберінде бойына күш, рухына ұран салған деп Абайды айта аламыз. Әлихан Бөкейхановтың қай мақаласын алып қарасақ та, идеясының Абай шығармаларымен үндес екенін байқаймыз. Әлихан үшін Абай рухани ұстаз болғанын көреміз, осылайша алаш көсемі 1903 жылы Абай шығар-

машылығы туралы «Россия. Географическое описание нашего отечество» деген журналда мақала жариялайды. Бұл мақала – абайтану саласындағы алғашқы қарлығаштар ғана емес, жалпыұлттық ояту мақаласы болды. Өйткені мұны А.Байтұрсыновтың «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласынан байқаймыз. Ол туралы сәл кейінірек тоқталамыз. Абай 1904 жылы қайтыс болғаннан кейін оның шығармаларын жинақтап, тұтас еңбек етіп шығару жоспарын айтып Әлихан Бөкейханның Абай ұрпақтарына хат жолдағаны да белгілі. Осылайша «Семипалатинский листок» газетіне 1905 жылы «Абай Құнанбаев» атты қазанама (некролог) мақаласын жарыққа шығарады. Бұл – абайтану саласындағы ең алғашқы тұшымды іргелі еңбектердің бастамасы еді. Абайдың жазба кітабы зиялылардың қолдарында болса да, шығу керек болған жинақ өз уақытында шықпай, 1909 жылы Петербор қаласында Абайдың балаларының және Әлиханның ықпалымен жарыққа шығады. Енді Әлихан Бөкейханның абайтанудағы тұңғыш еңбек саналатын мақаласына тоқталайық. Бұл мақала алдымен Абайдың туып-өсіп, өнген жерінен, отбасынан, ата тегінен, бала кезден алған ілім-білімінен, жалпы ақынның өмірлік принциптері мен ойларынан басталады. Тек өмірі туралы айтып қоймай, ұлы ойшылдың өлеңдерін де талдап кетеді. Абайдың балаларына деген әкелік сезімінің асқақтығын, балаларын оқытып, оларға өнер мен білімнің парқын түсіндіруін, Абайдың алтын үш бұлағын, соның ішіндегі орыс достары мен орыс әдебиетінің ықпалын ереше атап та көрсетеді. Ақынның Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды ақындардың еңбектерін аударып, осылайша қазақ әдебиетінің жаңа бір белеске көтерілгеніне баға береді. Сонымен қатар, Абайдың Абай болып қалыптасуына ұлы ақын-ойшылдардың ерен назарын да былай атап өтеді: «Абай может быть умер бы, не проявив своего выдающегося поэтического дарования, если бы в 80-х годах он не пережил переворот в своих взглядах на деятельность певца. В это время Абай познакомился с политическими ссыльными гг.Гросом, собиравшим в степи материалы для брошюры «Юридические обычаи киргиз», изданной под редакцией г.Маковецкаго, и Михаэлисом, оказавшим огромное влияние и просвещение Абая. Оба, как г.Гросс, так и г. Михаэлис гостили у Абая в степи, познакомили его с русскою литературою. Благодаря им Абай познакомился с Пушкиным, Лермонтовым, Некрасовым, Толстым, Тургеневым, Салтыковым, Достоевским, Белинским, Добролюбовым, Писаревым. Абай до последней минуты своей жизни с трогательной бло-

гадарностью вспоминал г.Михаэлиса, приписывая ему все свое образование, и говорил: «Дүниеге көзімді ашқанға үлкен себепкер болған кісі – Михаэлис (Открыл мои глаза г.Михаэлис). Впоследствии Абай Абай прочел «Опыты» Спенсера, «Похитивную философия» Льюиса, «Умственное развитие Европы» Дрепера, статьи из старых книг «Современника» Н.Г.Чернышевского, знал об его судьбе. Особенно полюбил Абай сочинения Лермонтова, из (сочинения) которых любил делать переводы...» /3, 90/, - деп, Абайдың ұлылық феноменінің қалыптасуындағы орыс, батыс еуропа ойшылдарының, ақын-жазушы, сыншылардың еңбектерін баса назарға алады. Қазақ ойшылының айтары мен берері де осы ойшылдардан артық түспесе, кем түспейтінінен мағлұмат береді. Мақаланы орысша жазуының да ерекшелігі де осында, қазақ ақыны туралы ғұмырбаяндық алғашқы еңбекті осылайша барлық халыққа паш етуді мақсат тұтқан. Осы орыс әдебиетін негізге алынғанның арқасында Абайдың Абай екендігі жалпы ел арасына тез тарап, есімі мәшһүр болады, атағы алты алашқа жетіп, міне, абайтанудың жарық жұлдызы осылайша жанған болатын. Жанрлық тұрғыдан келер болсақ, некролог деп аталғанмен, мақала талдауға негізделген, біздің ойымызша, осы жанрмен жазу да, осылайша Абайды таныту да оңтайлы тәсіл болса керек. Сөзінің соңында Абай мұрасы жайлы, оның жинаушылары жайлы сөз қозғайды, яғни жалпы өлеңдері, аудармалары жиналу үрдісі ұлы Турағұлдың қолында екенін айта келе, өзінің басшылығымен Абайдың шығармалар жинағы жарыққа шығатынын да ескертеді. Ал Абайдың өмір жолы туралы деректі Кәкітай Ысқақұлы жеткізгенін де келтіреді. Кәкітайдың Абайдың өмірбаяндық деректері туралы толық мағлұмат 1909 жылы шыққан Абайдың шығармалар жинағының алғысөзінде орын алғанын да білеміз. Абай шығармашылығы – Алаш зиялыларына бағыт көрсетер белгі, ұстанатын ұранына жалау болды десек қателеспейміз.

Әдебиеттер:

1. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 160 бет.
2. Аққұлы С. Абайтану іргетасы және Алаш қайраткерлігі // Абай және Алаш сабақтастығы: тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект. / Ұжымдық монография. – Нұр-сұлтан: ЕҰУ баспаханасы, 2020. – 407 б.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалары – Сочинения. 5-т. / Әлихан Бөкейхан. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018.

Көркем шығарманы цифрлық технология негізінде оқытудың тиімділігі, әдіс-тәсілдері, стратегиялары

А.Қ. Айтбенбетова,
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ

Білім беру саласының қазіргі заманғы талабы – оқушыны жеке тұлғаға бағыттау. Аталған міндеттерді іске асыру оқу мазмұнын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Бұл дегеніміз – білім жүйесінің «оқытудан» өмір бойы білім беру құндылығына негізделген қағидасына көшу. ХХІ ғасырдың оқытушысы – оқушыға белгілі бір тақырып аясында білгенімен бөлісіп қана қоймай, заманға сай тың ақпаратпен қамтылған, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға арналған, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытатын, жаңа технологиялармен дайындалған синкретті білім жобасын ұсынушы смарт тұлға. Осы орайда сандық ресурстарды қолдана отырып сыни тұрғыдан оқыту технологиясының маңызы зор.

ҚР «Білім туралы» заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген.

Адамзат туылғаннан өзін қоршаған әлемді танып-білуге құмар болады. Тілі шыққан сәби күніне жүзден аса сұрақ қояды. Жасөспірім кезеңде бала сұрақ қою арқылы өзін және айналасын таниды. Ересектер ақылдасу, тыңдау, қорыту процестерін қолдана отырып кез келген мәселенің шешімін табады. Күнделікті тілдесімде адамдар «Неге?» сұрағы арқылы бір-бірімен коммуника-

тивтік байланыс орнатып, дiттеген мақсатына жетеді. Демек, сыни ойлау жас талғамайды. Сыни ойлау – барлық адамдарға тән психологиялық-философиялық құбылыс. Сыни ойлау технологиясын оқу үдерісінде жүзеге асыруға сандық технология көмектеседі. Сандық технология оқу үдерісін өздігінен ұйымдастырылуына, оқушының өз бетінше әрекет етуіне, сондай-ақ ақпараттарды тез әрі тиімді қабылдауына әсер етеді.

Сандық технология негізінде оқыту – оқу мен жазуды дамыта меңгерту; терең ойлау; сыни көзқарас қалыптастыру; ойды ашық білдіру; қиындықты қабылдау және оны шешу процесімен аяқталатын педагогикалық түсінік.

Сандық технология негізінде оқытудың дәстүрлі оқытудағы әдіс-тәсілдерден ерекшелігі – білімді дайын күйінде қолданбау, яғни аталмыш технология оқушылардың өз бетінше ізденуіне, жеке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, заманауи дағдыларды қалыптастыруға, өзгелердің пікірін тыңдауға, өз ойын ашық айтуға, мәселелерді анықтап, қиындықты жеңуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа технологияның пәнді оқытуда төмендегідей әдістемелік-кешендік ерекшеліктері бар:

Пәндік: белгілі бір пәнді оқытуда оқу мақсатына жетуге және оқыту негізінде жүзеге асырылатын құндылықтарды оқушы бойын игертуге ықпал етеді;

Модульдік: оқушының ұйымдастырушылық қабілетінің қалыптасуына, басқалармен коммуникативтік байланыс орнатуына, жеке қабілеттерін дамытуға негізделеді.

Концептуалдық: теория негізінде игерілген білімді практикада жүзеге асыруға, қателіктен қорықпауға, мүмкіндіктерді пайдалануға және білімді қайта игеруіне көмектеседі.

Сабақ кезеңдері	Оқытудың дәстүрлі технологиясы	Сандық технология негізінде оқыту формасы
Жаңа сабақты түсіндіру	Мұғалім тақырыпты бастан-аяқ түсіндіреді	Мұғалім оқушыға бағыт береді, оқушы ары қарай ізденеді

Қолдану	- Барлық оқушы бір тапсырма орындайды; - Мұғалімнің басқаруымен қателер түзетіледі, жетістік мадақталады; - Оқушы белсенділігі төмен; - Шығармашылық тапсырма орындауға ынта-ықыласы бірқалыпты.	- Оқушылар тапсырманы таңдай алады және деңгей бойынша орындайды; - Оқушылар бір-біріне ашық әңгіме түрінде еркін кері байланыс береді; - Оқушы белсенділігі жоғары; - Шығармашылық тапсырма қарқынды жүреді;
Бағалау	Мұғалім өзі бағалайды	Оқушы өзі немесе өзара, және мұғалім көмегімен бағаланады
Сынып/Үй тапсырмасы	Әркім өзі орындайды	Жеке, жұптық, топтық тапсырмалар орындай алады

Оқытудың дәстүрлі және СТО технологияларының салыстырмалы кестесі

Сандық мектеп - біздің болашағымыз. Заманауи білім беру технологиялары кез-келген мұғалімге жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері әлдеқайда кең және мұғалімнің қиялына, шығармашылығына және техникалық дайындығына байланысты. Гуманитарлық пәндерді оқытуда цифрлық технологияны не үшін қолдану керек екенін анықтайық:

- қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи технологияларды қолдану қазіргі оқушының оқуға деген ынтасын, оның танымдық қызығушылығын оятады және топтық және өздік жұмыстардың тиімділігін арттырады;
- оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытады, белсенділіктерін күшейтеді;
- оқу үдерісін қарқындалтуға, материалды неғұрлым мазмұнды оқуға, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын игеруге, жүйелі білімді синтездеуге ықпал етеді;
- оқушылардың танымдық белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын дамытуға көмектеседі;
- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, зерттелетін материалмен рефлексиялық іс-әрекеттің деңгейін едәуір арттырады.

Цифрлық технологияны сабақта қолдану үшін оқушы да, оқытушы да ақпаратты сауатты болуы керек. Дәстүрлі қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқытуда жазу және оқу сауаттылығына баса назар аударатын. Қазіргі таңда жеке тұлғаны дайындауда ақпаратты сауатты болуы шарт. Оның ең басты себебі – сандық қоғамда ақпаратты сауаттылық адам қажеттілігін толықтай өтейді. Мәселен, әуе немесе

жол билетін аларда, тамаққа тапсырыс берерде, үй жұмысын жасауда, байланыс орнатуда, білім алуда, т.с.с. Ақпаратты сауаттылық ұғымын нақтылайық. Сауаттылықтың өзі дәстүрлі түрде және соңғы уақытқа дейін оқу және жазу қабілетіне қатысты болды. Алайда қазіргі интерпретацияда сауаттылық ұғымы кеңірек түсінік алды.

Ақпаратты (сандық) сауаттылық – компьютерлік білімін қолдана отырып, тетіктер мен басқарғыш құрылғыларды өз қажеттілігіне жарата білу жөніндегі жинақталған білімдер жүйесі. Ақпаратты білім жүйесі сыныптағы жұмыстың негізгі бағыттарын анықтайды:

- оқушылардың ақпаратты өз бетінше түсінуіне мүмкіндік береді;
- білімді саналы және тұрақты меңгеруін қамтамасыз етеді;
- цифрлық технологияның маңызын түсіндіреді;
- әлемнің заманауи көрінісіне еркін барлауға көмектеседі;
- ақпараттық және есептік технологиялардың қоғамды дамытудағы маңызын тәжірибе жүзінде көрсетеді;
- сандық ресурстарды және құрылғыларды өмірде ұтымды пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

Аталмыш бағыттардың мазмұнын іске асыру барысында келесі мәселелер туындайды:

- оқушыларды ақпаратты сауаттандыру тек информатика сабағында өтеді, бірақ оған аз көңіл бөлінеді. Аптасына екі академиялық сағат информатиканың әртүрлі бөлімдері бойынша жеткілікті егжей-тегжейлі тоқталуға мүмкіндік бермейді, оқу-

шылардың техникалық қабілетінің аздығынан оларды соңына дейін өңдеп, үй тапсырмаларын орындау мүмкін емес;

- компьютерде жұмыс жасау кезінде кездесетін терминдер қолданылмайды және күнделікті өмірде баламасы жоқ.
- Цифрлық технология негізінде оқытудың екі түрі бар. Біріншісі – демонстрациялық, оқушы сабақ кезеңін бақылай алады. Екіншісі – интербелсенділік, мұнда оқушы сабақты тек бақылап қана қоймай, сонымен бірге басқара алады: тақырыпқа қатысты ой бөліседі, практикалық жұмыстар орындайды, идея ұсынады және оны жүзеге асыруда коммуникативті байланыс орната отырып, мақсатқа жетеді.

Қазіргі кездегі оқыту мәселесінің тиімді шешімі - оқу-педагогикалық процесті оңтайландыру:

- информатика сабағында ғана емес, барлық сабақтарда сндық ресурстарды қолдану;
- студенттерді әртүрлі компьютерлік бағдарламалармен және оларды оқу үдерісінде қолдану әдістерімен таныстыру (WORD редакторы, EXCEL кестелік редакторы, POWER POINT презентациясы, ACCESS мәліметтер базасын басқару құралы, PAINT графикалық редакторы, Phonograph дыбыстық редакторы);
- оқу қызметін шығармашылыққа мүмкіндігінше жақындату.
- Оқу орнындағы жұмыс мұғалімнен үнемі әдістемелік жетілдіруді және жаңа техникалық құралдарды игеруді талап етеді. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мұғалімге жұмысты тез, тиімді, орындауға мүмкіндік береді:

- жоспарлау және талдау;
- жүйелеу және жалпылау;
- диагноз қою;
- безендіру жұмыстарын жүргізу.

Біз өз жұмысымызда көркем шығарманы игертуде қолданатын сандық технологияларды төмендегідей бағытта бөліп жүйеледік:

- Сабақтарда және элективті курстарда ЦТ-ны қолдану.
- ҚМЖ құрастыруда ЦТ-ны қолдану;
- БЖБ, ТЖБ құрастыруда ЦТ-ны қолдану;
- Сыныппен және ата-аналармен жұмыста ЦТ-ны қолдану.

Сандық белсенділік қазақ тілі, әдебиет және элективті курстар сабақтарында дәстүрлі оқу курсы қолдауға бағытталған және бұл жағдай оқушыны пәннен алшақтатпайды, сонымен бірге баланың оған деген қызығушылығын арттыруға қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-146)
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
5. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. –Алматы. 2005.
6. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. –Астана. 1997.

Инновациялық әдістер мен технологияларды оқу үдерісінде қолдану

В.О.Уалиева, А.С.Мұхтарова,

*Ақтөбе гуманитарлық колледжі оқытушылары,
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ*

Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе.

Ұлы Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген әйгілі сөзін еске алсақ, қазір құдайға

шүкір, еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастадық.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану – өмір талабы.

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті – білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс – әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И. П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» – деген болатын. Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл-ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай

пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді.

Инновация – кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет – білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық актерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Технология деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс – әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

• оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

• оқу процесінде қарым – қатынастың еркін болуы;

• оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым – қатынас пен қарым – қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті әдіс – тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым – қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс – әрекетін оқу – ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- миға шабуыл әдісі;
- топпен жұмыс;
- проблемалық шығарма әдістері;
- рөлдік ойындар;
- зерттеулер;
- іскерлік ойындар;
- сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- пікірталастар және т. б.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез – келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде

қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады. Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация – мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс.

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғалім мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән кері-тартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Жаңғырудың жарқын жолы



Н.Ж.Хасенов,
Ақтөбе облыстық
«Рухани жаңғыру»
бағдарламасын басқару
орталығының басшысы

Р Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлтымыздың сан ғасырлық салт-дәстүрі мен сана-сезімінің, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткішін жинақтаған мағынасы зор алғышарты. Бағдарламада біздің еліміздің рухы мықты, білімді, біртұтас ұлт болуы үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз, санамызды қалай өзгерту керектігі сараланған.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын арнайы жобалар ұлтжандылыққа, жалпыұлттық қасиетті орындарды сақтауға, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытуға қол жеткізуді көздейді.

Қазіргі таңда «**Рухани жаңғыру**» бағдарламасы мен «**Ұлы даланың жеті қыры**» мақаласының 6 бағыты мен 17 арнайы жобасын жүзеге асыруда Ақтөбе облысында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Әрбір азаматты өскен өлкесін сүюге тәрбиелейтін «**Тәуелсіздікке тағзым**» жобасы аясында 2021 жылдың қаңтар-қараша айларында Ақтөбе облысы жерлес-меценаттарының көмегімен барлығы 935 млн. 337 мың теңгеге 405 жоба жүзеге асырылды.

Өңірімізде мәдени-рухани саланың дамуы жолында көптеген игі істер атқарылып жатыр. «**Әдебиет. Рух. Қоғам**» атты дәстүрлі республикалық әдеби форумы құтты мекенімізде биыл үшінші жыл өткізілді. Шара аясында түрлі жанрда қалам тербеп жүрген жас қаламгерлер сайысы ұйымдастырылып, үздіктер анықталды. Т. Айбергенов,

С. Жиенбаев, Т. Жармағамбетов, Т. Ахтанов пен Б. Тәжібаев, Қ. Шаңғытбаев сияқты шығармалары қазақ әдебиетінің классикасына айналған ақтөбелік ақын-жазушылар атындағы стипендия табыс етілді. Сондай-ақ **Ш. Қалдаяқовтың** ескерткіші ашылып, **Т. Айбергеновке бюст** қойылды.

Халық санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру бағытында «**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ**» арнайы жобасы аясында облыс аумағындағы 45 ескерткішке, оның ішінде қала аумағындағы 11, аудандардағы 34 ескерткішке **QR кодтар** орнатылды.

Облыстың тарихи, этнография және мәдениет ескерткіштерін зерттеу мақсатында Мұғалжар ауданындағы «**Төлеубұлақ**» үңгірінің петроглифін, Байғанин ауданында **Доңызтау аймағы «Жезді» қалашық бекінісінің орны**, Мәртөк ауданында **Қорайлы-3 қорымында** бірлескен археологиялық қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. «**Ақтөбе облысының киелі жерлері**» атты үш тілдегі ұжымдық монография жыл соңына дейін баспадан шығарылады.

Қазақ мәдениеті арқылы ұлттың бүкіл болмыс-бітімін, қасиетті құндылығын, ұлы дала өркениетін жер жүзіне паш ету үшін Қазақстанның мәдени жетістіктерін әлемдік деңгейде танымал ету мақсатын көздейтін «**ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖАҢАҒЫРУ ӘЛЕМДЕ**» арнайы жобасы аясында Халықаралық «**Bayqyty Bala 2021**» ІІІ ашық балалар вокалдық фестиваль-байқауы өткізілді. Іріктеу кезеңіне 12 мемлекеттен 180 өтініш қабылданды.

Тәуелсіздік жылдарында қазіргі Қазақстанның дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосқан, түрлі салада жетістікке жеткен тұлғаларды жастарға үлгі ету мақсатындағы мотивациялық «**ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ**» арнайы жобасы аясында төртінші кезеңінде Ақтөбеден дизайнер М.Дүйсенбаева «Мәдениет» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Қазіргі таңда, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы озық үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау, бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті. Сол мақсатты орындау барысында «**ҚАЗАҚ ТІ-**

ЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» арнайы жобасы аясында жарыққа шығарылған 100 оқулықтың 44 908 данасы Ақтөбе облысы бойынша жоғары оқу орындарына таратылды.

Сондай-ақ, «**Жұбанов кітапханасының 100 кітабы**» жобасы аясында ғылыми-зерттеу еңбектерден 38 кітап баспадан шығарылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде жарық көрген «**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ**» мақаласында ұлы даланың жеті қыры айқындалды және төл тарихымызды бағалап, жаңғыртуға арналған нақты 6 тапсырма міндеттелді.

Осы орайда, «**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ**» арнайы жобасы аясында **Едіге Әмірдің** және **Исатай Тайманұлының** жерленген орындарын анықтау мақсатында **этнографиялық экспедиция** жұмысы, архивтік-библиографиялық ізденіс, генетикалық сараптама жүргізу жұмыстары жүргізілуде.

«**ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ГЕНЕЗИСІ**» арнайы жобасы аясында «**Ер Едіге – Ноғайлы дәуірінің жыры**» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылды. Облыстық халық шығармашылығы орталығы жанынан «**Ер Едіге**» **жыр мектебі** ашылды.

«**ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ**» арнайы жобасы аясында 2020 жылы бастау алған «**Ақтөбе өңірінің фольклоры мен музыкасы**» антологиялық жинағын шығару бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күнге барлығы **600-ге жуық** шығарма жинақталып және олардың аудионұсқалары әзірленуде.

Бүгінгі күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде жеке адамды мәдени байытуға және ұлттық сананы нығайтуға бағытталған 17 арнайы жоба жүзеге асырылып келеді. Алайда қазіргі заманғы сын-тегеуріндерді ескере отырып, қазақстандықтардың тұлғалық дамуы мен кәсіби қабілеттеріне қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстарды халықтың дәстүрі мен әдеп-ғұрпын сақтау арқылы күшейту қажеттігі туындап отыр.

«**ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП**» арнайы жобасы аясында облыстағы тірек мектептерде **арнайы бұрыштар** жасақталды. А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің базасында «**Мен жыршы елдің ұрпағымын**» жобасы аясында 2021-2022 оқу жылында жыр класы ашылды. «**ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ**» арнайы жобасы аясында болашақ техникалық бағыттағы мамандарды дайындауда оқу үрдісін өндіріспен байланыстыру мақсатында «**Өндірістегі бір күн**» онлайн экскурсиясы өткізілді. «**ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ**» арнайы жобасы аясында құқықбұзушылыққа бейім, девиантты мінез – құлықты балалармен жұмыс жүргізу бағытында «**Құқықбұзушылыққа жол жоқ!**» атты мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста жүзеге асырылуда. «**ҮНЕМ – ҚОҒАМ ҚУАТЫ**» арнайы жобасы аясында облыс мектептерінде экологиялық тәрбиені арттыру мақсатында «**Eco-dorba**» жобасы жүзеге асырылып, «**Жасыл әлем сурет**», «**Ecostan-ға саяхат**», «**Daryn ecoart**» байқаулары, «**Табиғатты аяла**» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің **облыстық форумы** ұйымдастырылды.

Бағдарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау бойынша барлығы **2622** материал жарияланды. Сонымен қатар бағдарламаны халық арасында насихаттау, әлеуметтік желіде ақпараттандыру мақсатында **34** бейнеролик түсіріліп, таратылды.

Қорыта келе, «Рухани жаңғыру» құндылықтары ол біздің және болашақ ұрпағымыздың басты құндылығы болып қала береді. Бағдарлама аясында жасалып жатқан жұмыстар жас ұрпақтың бойына тарихқа құрметпен қарау, ғылым-білімге деген ұмтылыстарын арттыру және Отанға адал болу сияқты асыл қасиеттерді сіңдіріп, өсіруге өз үлесін қосып келеді. Сондықтан, бағдарламаны Елбасы ұсынған межеге жеткізу үшін Бағдарлама аясында өңірдің дамуына ықпал ететін жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіледі.

Латын әліпбиі-қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады



Г.М. Әлімбекова,

Жамбыл облысы
әкімдігінің тілдерді
дамыту басқармасының
Тілдерді оқыту
орталығының директоры

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасатыны белгілі. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының даму құралы. Сондықтан тіліміздің дамуына жасалған кез-келген өзгерісті дұрыс қабылдай білуіміз керек. Сондай өзгерістердің бірі қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуі болып табылады.

Ұлттық санаға, ең алдымен, әсер ететін күш – ана тілі. Тілімізді реформалау ұлттық сананы жаңа деңгейге көтеретін қадам. Осыған байланысты ол саяси мәселе болғандықтан, Елбасы бұл мәселені көтеріп, халық талқысына ұсынды. Елбасы өз мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық»- деді. Латын әліпбиіне көшу мәселесінің айтылып келе жатқанына біраз уақыт болғанымен, бұл мәселе төңірегінде дау мен талас-пікір әлі де бар.

«Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты – бұл қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазіргі орфографиямызды жетілдіру, сөзіміздің қазақ тілінің табиғи үндесіміне сай жазылуын қамтамасыз ету болып табылады. Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толығырақ түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс таба-

ды. Егер осы сөздер өз ана тілінде, немесе ана тілдің заңдылығына бейімделіп қолданылмаса, онда кез-келген тілдің сөздік қоры жұтаң тартып, ол тілдің табиғи заңдылықтары бұзыла бастайды.

Қазір әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері латын әліпбиін қолданады, латын әріптері – өркениет жазуы, өмір талабы, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай латын жазуының игілігін көруіміз қажет.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр.

Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедіргі келтіріп келген ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік туды. Латын әліпбиін кезінде профессор Қ.Жұбанов та қолдап, осы әліпбиді қазақ тіліне бейімдеу бағытында белсене жұмыс жасаған еді.

Қазіргі уақытта қоғамдық орындар мен БАҚ атаулары, ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Осы орайда Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығында көптеген іс-шараларды қолға алынып, жүзеге асыруда.

Атап айтатын болсақ, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында алғашқылардың бірі болып, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, түркітанушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 2018 жылы 5 қыркүйекте Тілдерді оқыту орталығынан «Рухани жаңғыру: латын әліпбиі» кабинеті ашылды. Кабинет латын графикасына негізделген жаңа әліпби тізбегіндегі әріптерді үйрету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында ашылған болатын. Сонымен қатар, тіл басқармасының тапсырысымен Qazalipbi.kz онлайн бағдарламасы әзірленді. Қазіргі таңда латын әліпбиі кабинетте семинар-тренингтер, оқу курстары, лингвист-ғалымдардың онлайн семинарлары, ашық есік күндері өткізілуде. 2019 жылы Тіл саясаты комитетінің Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығыны «Жаңа емлені оқыту әдістемесі» 72 сағаттық тренерлерді дайындау курсынан орталықтың 18 қызметкерін өткізіп, сертификатталған тренерлер барлық іс-шараларды өткізуде.

Қазіргі таңда Тілдерді оқыту орталығы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа латын әліпбиін жетілдіру жөнінде тапсырмасына сәйкес жетілдірілген жаңа қазақ әліпбиінің жобасымен таныстыру, жаңа әліпбидегі диакритикалық таңбалармен дұрыс жазу, оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйым-

дарда 169 семинар-тренинг, білім беру, мәдениет саласы қызметкерлеріне 18 онлайн «ашық есік» күні және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанмен, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері Гулфар Мамырбекпен инстаграм желісінде тікелей эфирде сұхбат, кездесу, байқау, акциялар өтіп, барлығы 191 іс-шара ұйымдастырылып, шараға 3636 адам қамтылды.

Сонымен қатар, орталықтың «Tarzlatyp» ақпараттық инста парақшасында оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында диакритикалық таңбалардың емле ережелері мен ғұламалардың қанатты сөздері Жетілдірілген жаңа қазақ әліпбиінде 132 постер жарияланды. Облыс әкімінің «Бейбітшілік пен келісім» жобасы аясында ағымдағы жылғы наурыздың 1-20 аралығында Байзақ, Жамбыл, Меркі, Талас, Сарысу, Шу, Қордай аудандарында ауыл тұрғындарына Жетілдірілген жаңа қазақ әліпбиі таныстырылып, семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

Осындай көптеген іс-шаралар алдағы уақытта өз жалғасын табады деген сенімдемін және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Мемлекеттік тіл-мемлекеттік қызметте!

Е.С.Егізбаев,

И.Құрманов атындағы ауылдық округі
әкімі аппаратының бас маманы

Менің мемлекеттік қызметтегі алғашқы жұмысым «Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде басталды. Жұмысым, халықпен тығыз қарым-қатынасты талап ететін жұмыс болып табылады. Қызмет барысында байқағаным, бұл ауылдық округте қазақ ұлты мен

қатар өзге де ұлт өкілдері тұрады. Олар орыс, татар, украин, шешен, беларус және т.б. ұлт өкілдері бар. Өз тілімді жетік меңгерген мен үшін, бұл округте жұмыс жасау еш қиындық тудырмады. Себебі, ауылдық округте мемлекеттік тілді-қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдері өте көп кездесетін еді. Атап айтсақ, кітапханашы Т.Оразалина, ш/қ басшысы С.Батыргереев, көлік жүргізушісі А.Панагин, ш/қ жұмысшысы В.Пономаренконы ерекше атап өтпесем болмайды. Бұл адамдар қазақ тілін өте жетік меңгергендері мені таңқалдырғанымен қатар, өте қатты қуантты. Олардың ойлары, осы

жерде ұзақ уақыт тұрып жатқандықтан, кейбіреуінің туып өскен кіндік тамған жері болғандықтан, осы жердің жерін басып, ауасын жұтып жатқандықтан мемлекеттік тілді білу парызымыз және де қазақ жерін мекен еткен басқа да өзге ұлттар қазақ тілін білулері тиіс дейді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қазақ тілін насихаттау, қазақ тіліне деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ауылдық округ әкімі аппараты ұжымы, кітапханашы, клуб меңгерушісі, мектеп қызметкерлері өзге ұлт өкілдерімен бірлесіп жиындар, дөңгелек үстелдер өткіздік.

Жұмыс барысында, аудандық 22 ден астам мекеме мен бөлімдермен жұмыс жасаймыз. Олардан келетін хаттар, тапсырмалар, сұраныстардың басым бөлігі мемлекеттік тілде келеді. Бұл мені қуантады. Және де оған менде мемлекеттік тілде жауап беремін. Оларға тапсырылатын ай сайынғы, тоқсандық, жылына екі рет тапсырылатын есептерді де мемлекеттік тілде тапсырамын. Сонымен қатар, ауылдық округ аппаратының барлық құжаттамалық жұмыстарын, ауыл әкімінің тапсырмаларын, өкім-шешімдерді, хаттамалар-актілерді, баяндамаларды т.б. көптеген жұмыстарды үнемі қазақ тілінде жүргіземін. Осы жұмыс барысындағы жасаған құжатайналымын тоқсан сайын, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне, мемлекеттік тілдегі құжаттардың санын көрсете отыра есепті тапсырамын.

Ауылдық округ тұрғындары өздерінің сұраныстарын, арыз-шағымдарын көбінесе қазақ тілінде жазады. Ауыл тұрғындарымен қарым-қатынас кезінде, өзім, қазақ тілінде сұрап, қазақ тілінде жауап беремін.

Еліміздің әр азаматы мен азаматшасы қазақ тілін жоғары деңгейде жетік білулері керек деп ойлаймын. Бұл әрбір Қазақстандықтардың парызы.

Елбасымыз бастап айтқандай: Мемлекеттік тіл-тек қана қазақ тілі деген еді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақтың тілі-қазақтың жаны, халқымыздың тарихы да, тағдыры да-тілінде, мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де-тілінде. В.Радлов айтқандай: Қазақ тілі-ең таза, әрі бай тілдің бірі. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз деген еді.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы бір сөзінде: «Мемлекеттік қызметке, оның ішінде халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек деген еді.

Біз мемлекеттік қызметкерлер, өзімізден бастап мемлекеттік тілді жетік біліп, оны насихаттап, халықпен байланыста үнемі қазақ тілін пайдалануымыз керек. Менің тілім-менің мақтанышым деп, әрбір мемлекеттік қызметші жүрегімен сезіне білуі тиіс деп ойлаймын.

Қазақ тілі ол - даңқты Абай атамыз әрлеген, Жамбыл бабамыз жырлаған-Мәңгілік елдің мәңгілік тілі! Қорыта келе, келесі өзімнің өлең жолдарымды арнағым келеді:

*Менің тілім-ол менің қазақ тілім!
Менің тілім- ол менің ғажап тілім!
Менің тілім басқа тілге ұқсамайтын,
Дара тілім, ол менің дана тілім!*

«Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің жаңа белесі» атты ақпарат сағатының есебі

А.Ж.Дусипова,

Ембі қалалық кітапханасының кітапханашысы

Ембі қалалық кітапханасының «kovorking» орталығында Мемлекеттік тілдің латын графикасына көшу мәселесі жоспарына сәйкес

«Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің жаңа белесі» атты ақпарат сағаты өткізілді.. Шараға қаламыздың ерікті жастары және Мұғалжар аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Адилбай Айгерим Нұржанқызы қатысты.

Кітапханашы А.Черниязова ақпарат сағаты барысында дүйім жұртты толғандыратын қазақ



әліпбиінің тағдырын сөз етіп, және латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын баяндады. А.Дусипова «Тілек арнау» тренингін ұйымдастырды, қатысушылар латынша бір біріне тілек жазып, дауыстап оқып берді. «Атқа міну мәдениеті» атты латынша

мәтінді латынша оқып үйрену мақсатында тәжірибе жүргізілді. Ақпарат сағатының соңында алған мәліметтерді шыңдау мақсатында тест сұрақтары қойылып ерікті жастар атсалыса қатысты.

Тәуелсіздік жетістіктері

А.Е.Алибаева,

№2 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін ортамектебінің тарих пәні мұғалімі

Қазақстанның тарих сахнасынан ойып тұрып орын алып, Тәуелсіз ел болып құрылғанына 30 жыл толып отыр. Қазақстан – бүгінде Еуразияның жүрегінде орналасқан, тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Аз уақыттың ішінде еліміз бізден едәуір уақыт бұрын тәуелсіздіктерін алған мемлекеттерді қуып – жетіп спорт, білім, ғылым, мәдениет, өнер жағынан әлемнің алпауыт елдерімен терезесі тең түсуде. Татулық пен бірлікті алға тартқан еліміз Қазақстан бүгінде Орта Азиядағы дамушы елдерден алда келеді. Әлемдік дәрежеде спорттық жарыстарды ұйымдастырып, мықты деген ел екенін уақыт өткен сайын дәлелдей түсуде. Тәуелсіздігін алғаннан күннен бастап Қазақстан дамудың жаңа сатысына көтеріліп, талай биік белестерді бағындырып келеді. Өзге елде жалауымыз көк аспанда желбіреп, рухымызды асқақтатар айбынды әнұранымыз шырқалғанда әрбір қазақстандықтың жүрегінде еліне деген мақтаныш сезімі орнайды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы қабылданды. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, Халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз

бүгінге дейін барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жыл уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Қазақ халқының егемендікке ұмтылған сәтімен жүзеге асты. Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шыңдап түсуіміз керек.

Қазіргі таңда жас мемлекетіміз көптеген елдерден әлдеқайда алда тұр. Ол ауызбіршілікте, ынтымақта, туыстық қарым-қатынаста, жақсы ниетпен, өмір сүрудің айғағы. Мәңгілік тәуелсіздік елімізге оңайлықпен тиген жоқ, оны естен шығармағанымыз жөн. Осындай еркін теңдесі жоқ, бостандықты алып берген ағаларымыз бен апаларымызға мың да бір алғыс.

Өз басым бұл егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, тәуелсіздікке зарығып жеткен болатын. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бо-

стандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Еліміздің бір тұтастығымен тыныштығын сақтауға хан сұлтандар, батырлар қарапайым халықтың өзі де жандарын пида еткені ғажап емес. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі желтоқсанның да септігі аз болған жоқ студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі, барша халыққа сенім мен жігер берген болатын. Олар – тарих, олар дастан, олар мәңгі жыр дастан.

Қазіргі таңда тәуелсіздік – баршамыз үшін ең асыл қасиетті күн. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз

үшін ең басты әрі құнды, мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық ішінде қаржы дағдарыстарының қиындығына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, талай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Осы кезеңде жеткен жетістіктеріміз қандай? Бұл сұрақтарға жауап беріп, өткен жылдарға қорытынды жасап, мәңгілік ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ойлап жүруіміз керек.

«Тәуелсіздік тұғыры-тіл»

Б.К.Калиева,

Алга ауданы, Аманкелді негізгі мектебі

Елдіктің негізгі белгісі- тілінде.

Тіл -аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз.

Тілді ешкімге түрткілетпеуіміз керек.

Ғ.Мүсірепов

Ана тіліміздің ат жалын тартып, арындап ала жөнеле алмай жатқандығы және қазіргі таңдағы жай- күйі кейінгі жылдары жұртшылығымызды қатты алаңдатып, тіпті абыржытып жүргені рас. Тәуелсіздігіміздің туын көтергенімізге бірнеше жыл өтсе де, халқымыздың жер басып, тірі жүрген бүгінгі ұрпағының талайының азаматтық намысы сол баяғы бетегеден биік, жусаннан аласа қалпында қалып отыр. Әйтпесе, қазақ тілінің шығармашылық қуаты мен әлеуметтік әлеуеті әлгідей ілгеріге қарай атқан тасымыз кері домалап тұрған кер заманның өзінде А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, А.Жұбанов, Б.Момышұлы, К.Мыңбаевтар дәлелдеудей -ақ баққан еді.

Бүгінгі күнде Тәуелсіздігіміздің мәртебесін өз иелігіне алғанына 30 жыл толып отырса да, мемлекеттік тілімізді әлі күнге місе түтпей, ең болма-

са, 30 сөздің басын құрап шүлдірлей алмай, өзгеге кесірін тигізіп отырған бастықсымақтардың интеллектік өрісі жоғарыда аты аталған, алды әлемдік танымалдыққа дейін асқақтаған арыстарымыздан биік деп айта алмаймын. Тәуелсіздігіміздің тұғыры болар мемлекеттік тіліміздің қарыштап дамуына мүмкіндік беретін «Тіл туралы Заңы», «Қазақстан Респубикасының Конституциясы» елімдегі әрбір азаматқа үлкен көмек болары сөзсіз.

Иә, дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар?!- деп тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі емес пе?

Халқым деп, қабырғалы қазағым деп, тайсаң -тағаң, тарықсаң- панаң боламын деп айтқан тұңғыш Елбасымыздың осы имани сөзін жүрегі қазақ деп соққан әрбір жан есінде мәңгі сақтаса екен. Тірісінде тілі үшін шырылдаған арыстарымыздың есімдерін ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Өйткені, тіл – тәуелсіздігіміздің айғағы.

«ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДИСТЕМЕ»

«Национальная идея «Мәңгілік ел» на уроках русского языка и литературы» в классах с казахским языком обучения



А.А.Кудайбергенова,
*учитель русского языка и литературы КГУ
«Средняя школа-гимназия
№78» г.Актобе*

Органической частью развития общества являются воспитание и образование. Перспективой развития казахстанского общества в целом становится правильно организованное воспитание в школе. Говоря об обучении нельзя не затронуть важную составляющую процесса – воспитание. Лозунгом каждого современного учителя служат слова: «Мы учим воспитывая и воспитываем обучая» – эта истина стала фундаментом любой образовательной системы. И на сегодняшний день идеи «Мәңгілік ел» она звучит более актуально. Воспитание гражданина, патриота, интеллектуала возможно лишь в эффективной среде, где созданы условия для гармонического развития личности.

Важно рассмотрение идеи «Мәңгілік ел» через призму изучения языков. «Язык – это самая большая ценность любого народа. В основе воспитания в рамках национальной идеи «Мәңгілік ел» лежат такие ценности как духовность, любовь к историческому облику и творческому акту своего народа, социальная ответственность, готовность к труду на благо казахстанского общества и чувство единения, культ учености и образования, светское государство, гражданское равенство и толерантность. Наиболее способствуют процессу становления и развития высоко нравственной, гармоничной и духовно здоровой личности уроки казахского языка и литературы, как предметы, позволяющие на каждом уроке уделять большое внимание воспитанию обучающихся.

Как же реализуется национальная идея «Мәңгілік ел» на уроках русского языка и литературы в классах с казахским языком обучения. В календарно-тематических планах по предмету само формулирование темы уроков русского языка, указывает на воспитательную направленность каждого урока. Темой урока русского языка в современных учебниках является не только название орфограммы, и главное место занимает лексическая тема. Например:

Название темы уроков русского языка	классы
Традиции нашей семьи. Семейные ценности	5 класс
Умеешь ли ты правильно питаться?	1-3 классы
Традиции и празднование Нового года, Наурыза и Рождества	7 класс
Государственная программа «Нурлы жер»	10 класс
«Стратегия 2030»-статья	10 класс
«В потоке истории» по книге Н.Назарбаева	10 класс

Как можем видеть, сама формулировка тем урока несет большую смысловую нагрузку в воспитательном значении.

С другой стороны, можем заметить, что специфика уроков русского языка в том, что это предмет, в котором интеграция таких дисциплин, как история, география Казахстана, музыка, экология, ОБЖ, социология и т.д. очень ярко выражена. Используя тесную межпредметную связь мы осуществляем всестороннее развитие личности и развиваем многогранность мышления.



В ходе уроков русского языка и литературы путем постановки этических проблем, разработки воспитательных ситуаций мы учим детей культуре диалога между учителем и учеником, между самими учащимися, учим принимать решения, формируем ответственность за сказанное слово или принятое решение, умение правильно расставлять приоритеты и делать положительный выбор в ситуациях выбора.

В практике преподавания русского языка и литературы широко апробируются групповые, парные и индивидуальные формы работы, которые вырабатывают нормы поведения, основанные на осознании собственной суверенности и умение соотносить свои частные интересы с интересами других, определяемые логикой сотрудничества, формируют такие качества как гуманное отношение к сверстникам, окружающим людям, толерантное отношение друг к другу.

Использование языкового материала с ярко выраженной воспитательной окраской играют немаловажную роль в формировании качеств гражданина. На уроке часто использую тексты о доброте, милосердии, человечности, совести и любви к ро-

дине, творческие работы – изложения, сочинения, эссе. Правильный выбор дидактического материала может служить одним из средств воспитания нравственных качеств обучающихся. В процессе работы с текстом можно предложить учащимся определить основную мысль текста, акцентировать их внимание на тех мыслях, чувствах, которые формируют патриотизм и гражданственность, формулировать вопросы высокого порядка, требующих размышления, рассуждения. К примеру, при прохождении темы «Семейные ценности» 5 класс в качестве вызова к обсуждению могут служить вопросы:

- Что такое семья?
- Какие традиции и обычаи есть в вашей семье?
- Приведите примеры из жизни: Как относятся в вашей семье старшему поколению?

При прохождении темы «Моя семья» учащимся я предлагаю определить признаки государства (есть глава, свои законы, установленные правила и нормы, права и обязанности членов общества). Почему семью можно сравнить с государством? В чем общность? В чем различие? Здесь мы формируем способность оценивать обстановку в микросистеме (семья) и макросистеме (государство).

При прохождении темы «Семья и подросток» в 8-ом классе предложены для рассмотрения тексты, связанные с традицией семьи, о ценностях семьи, что важно помнить и т.д. Также в 7 классе есть такие темы как «Рождество и Наурыз», где дети знакомятся с обрядами, с взглядами русского народа дает возможность для понимания национальной самобытности русского народа. Сравнивая их с примерами и обрядами других народов воспитываем взаимоуважение и взаимопонимание между представителями разных наций и народностей, ищем точки соприкосновения в их взглядах и мировоззрении.

Большое воспитательное значение имеют пословицы, поговорки и афоризмы, используемые при изучении различных тем в процессе обучения русскому языку.

Например:

О здоровье: «Здоровье дороже богатства»- «Денсаулық-зор байлық», «Тәні саудың жаны сау» -«В здоровом теле-здоровый дух» 7 класс

По словам президента Н.Назарбаева, в результате обучения учащиеся должны обладать способностью критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации.

Формированию данных качеств могут способствовать инновационные технологии, приемы и стратегии, применяемые при обучении и преподавании. Остановлюсь лишь на некоторых из них:

1. Информационно-коммуникационные технологии расширяют границы самостоятельного поиска и обработки информации, прививая навыки анализа полученной информации, отбора главного и необходимого на данном этапе.

2. Технология ступенчатого комплексного разбора предусматривает непосредственного использования учащимися своих теоретических знаний на практике, умение аргументировать свой ответ.

3. Технология уровневой дифференциации и модульная технология помогает научению оценивать свои возможности и определять зону ближайшего развития, соотносить свои силы и видеть перспективы саморазвития и самовоспитания для перехода к выполнению задания более высокого уровня.

На своих уроках использую новые приемы и стратегии, помогающие развивать критическое мышление. Умение анализировать, синтезировать и оценивать – яркие признаки критически мыслящей личности.

При даче задания на составление диалога на основе текста ориентирую учеников на постановку проблемных вопросов, требующих не простого воспроизведения содержания текста, а более глубоких и развернутых ответов. Русский просветитель В.О. Ключевский говорил, что «Преподавателям слово дано не для того, чтобы усыплять свою мысль, а чтобы будить чужую» и я думаю, что при составлении плана уроков важно помнить это высказывание.

При анализе учебных программ и учебников видно, что русский язык как учебный предмет особенно с учетом национальных традиций и межпредметных связей обладает большими возможностями для реализации идеи «Мәңгілік ел». Роль уроков русской литературы еще более масштабна в этом процессе. С точки зрения воспитания будущего поколения «Мәңгілік ел» можно рассматривать любую литературную тему. Начиная с произведе-

ний устного народного творчества (сказок, легенд, пословиц и поговорок) заканчивая произведениями современных казахских писателей и поэтов – все это литературное наследие обладает мощным воспитательным потенциалом, так как в них сконцентрирована мудрость многих поколений. Темы уроков русской литературы это темы нравственности и гуманизма, любви и доброты.

В процессе воспитания настоящего человека и гражданина нельзя обойтись без изучения произведений классиков русской литературы – А.С.Пушкина, М.Гоголя, Л.Толстого, М.Достоевского, В.Маяковского. Произведения великих классиков это целая кладь мудрости и человеческого опыта в становлении личности. Они призваны пробуждать у молодого поколения лучшие человеческие качества: честности, физического и духовного здоровья, образованности. Читая произведения русских классиков учащиеся находят схожие произведения в казахской литературе. Например: судьба женщины, в казахской и русской литературе. Также познают истинные человеческие ценности: любовь к матери, сила материнской любви, мужество и героизм солдат в годы ВОВ.

Урок литературы учит жизни в широком понимании слова, формирует будущий опыт человека, развивает его чувства.

Воспитательные функции уроков возрастают, если учитель стремится к обучению на специально отобранном языковом материале, связанном с проблемами современной жизни, раскрывает близость морально-нравственных принципов народов казахстанского общества.

Формирование национального самосознания подрастающего поколения в контексте составляющей национальной идеи «Мәңгілік ел» должно быть направлено на формирование образа «Я – гражданин Республики Казахстан». И обязанность нас, педагогов – формирование личности, обладающей развитыми духовно-нравственными качествами и чувством ответственности за судьбу страны, способной к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, активно участвующую в достижении главной цели – «Мәңгілік ел».

Қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері

**Б. Кобдабаева, Г. Адилканова,
Р. Байжанова,** Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушылары

«Тіл байлығы, тіл тазалығы – салт – санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі», - деген екен **Бауыржан Момышұлы.**

Біздің зор байлығымыз осы ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақ тілінің асыл мұрасы – сөз байлығын, шебер сөйлеудің озық үлгілерін игерту, тілімізді қадерлеп, қастерлеуге шақыра білу – педагогтардың басты міндеті.

Қазақ тілі пәні – оқушыларды өз тілінде еркін сөйлеуге, жазбаша сауаттылыққа үйретуді мақсат етуі шарт. Сол себептен де қазақ тілін оқытуды қолға алу, жақсарту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Ол үшін мұғалімдер оқыту тәсілдерін алмастырып, ұстаздық тәжірибені шындай түсуі қажет.

Жалпы, бағдарлама, оқулық, көрнекті құралдар қаңшама жеткілікті болғанымен, оқушылардың білім деңгейі, ой-өрісі, түсіну қабілеті, ынтасы әр түрлі болуына байланысты. Мұғалім де әр түрлі жұмыс жүргізу тиіс.

Қазақ тілі екі мақсатта оқытылады:

1. Танымдылық, яғни тілдің жүйесі туралы білім беру.
2. Практикалық мақсатта яғни тіл туралы алған білімдерін өмірде қолдана алу немесе іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

Біздің негізгі алатын субъектіміз – оқушы. Олай болса, оқушыларды өзбетімен жұмыс жасауға, өзін – өзі зерттеуге ынталандыру қажет. Ынталандырып қана қоймай, соған үйретіп, дағдыландыруымыз керек. Сабақ үстінде оқушы өзінің қаншалықты түсініп, ұғып отырғанын сезгенде және өзіне – өзі іштей есеп бергенде ғана оқыту ісі жемісті болады. Оқушыларды осындай ыждағаттылық жолына тәрбиелей алған мұғалім-

нің ісі де сәтті болады. Сабақ жүйесінде қай нәрсені оқушылар дұрыс тануы үшін көру, есту, түсіну, т.б. қабылдау ерекшеліктерін ойластырып, сол нәрсенің бар біліммен жан – жақты байланысын сездіре отырып, түсіндіру керек.

Оқушыларға белгілі бір білімді меңгеру жолдарын үйреткенде, олардың психологиялық ерекшелігін ескеру керек және де оқушыларға, ең алдымен, түсінудің жолдарын үйретіп, дағдыландыру қажет.

Сабақта оқушы мен мұғалім бір – бірінің психологиясын білудің де маңызы бар. Әрбір оқушының өзіне лайықты жұмысын беріп, орындатып, олардың лайықты бағасын уақытында беріп отыру керек. Бағалар ерінбей дәлелденуі қажет. Жаттығу, бақылау, мазмұндама, шығарма жұмыстары жазылып біткен бойда тексерілсе, бағаланса, баланың ынтасы соғұрлым арта түседі.

Бірін – бірі бағалау, бір – біріне проблемалық сұрақтар қою, іздендіру балалардың пікір – талас, баяндама жасауы, мазмұндама мұның бәрі оқушылардың өзбетімен жұмыс жасауының негізі, үлкен мәні бар мәселелер.

Балаларды өз бетімен оқытудың түрі – шығармашылық жұмысқа машықтандыру. Бұл жұмысқа қажетті тәсілдер: айтыс, хат жазу, өлең шығару, рөлдерде ойнау, т.б.

Оқушылардың назарын аударып отыратын қысқа, қызықты әңгімелер, көрнекіліктер әр түрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралаық байланыстар, сұрақ – жауап, жинақтау, ажырату, тақтаға, дәптерге жазу, ұғымдарды қарсы қою, салыстыру, мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық сұрақтарға жауап беру, нақтылы және жалпы тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының өзін – өзі сынауы, бір – бірінің жұмысын талдауы, баяндама, конспект жазу, т.б. әдіс – тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып отырған мұғалімнің шәкірттері өз – беттерімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Бұл мәселе қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелерінің бірі деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру аясында мектепке дейінгі балалардың тілдік қорын дамытуда ойынның тиімділігі.

М.К.Камысбаева, «Бөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, III. Қалдаяқов ауылы

Баланың бірінші әрекеті-ойын, сондықтан да ойын-адамның өмірге басардағы алғашқы қадамы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», — деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын баланы оқытады, тәрбиелейді, дамытады, ойын балаға сауық, демалыс уақыттарын сыйлайды. Бала өмірін ойынсыз елестету мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Елбасымыздың 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында «Білім беру ісінде 4 К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» екенін атап көрсеткендей мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында білім алып бағдарламаның түйінді идеялары Ойын идеясымен таныстым. Ахмет Байтұрсыновтың айтқанындай: Баланың ойыны қайсы, жұмысы қайсы айыруға болмайды. Ойыны да-ойын, жұмысыда-ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді..» . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда ойынның түрлері көп қолданады.

Бағдарлама аясында негізі 3 ойын қарастырылған: Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Құрылымдалған ойын және еркін ойын.

Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Бұл ойында педагог ойынға қажетті материалдармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді немесе ойынды бағыттау не баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады. Мысалы: «Бір-келкі пішіндерді сана», «Қолымда не бар?»

Құрылымдалған ойын: Құрылымдалған ойын барысында әдетте балаға қашан және не істеу керектігі жөнінде нұсқаулар беріледі. Сонымен қатар ойынның айқын құрылымы балаға ойынның ақырғы нәтижесіне жету үшін қандай қадамдар мен іс-әрекеттерді орындау қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ойында балалар тәрбиешінің тапсырмасын өз бетінше орындайды. Ойын бояу, су, ермексаз жатады, бала бұлардың көмегімен өзінің ой-сезімдерін білдіре алады. Балалардың сумен, бояулармен, ермексазбен ойнауы олардың өз сезімдерін білдіруіне және белгілі бір нәтижеге, жетістікке жету сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Мысалы: «Дәл осындай пішінді тап», «Жұбын тап»

Еркін ойын: Бұл ойында нақты шектейтін ереже жоқ, балалар нені және немен қалай ойнағысы келеді өз еркімен таңдайды. Еркін ойында педагог бақылай отырып, кімнің қай ойынды немесе ойыншықты ойнай алмайтынын, кімнің аз қозғалатынын, ал кімнің, керісінше, тынымсыз екенін бақылайды. Мысалы: «Емхана», «Дүкенші»

Бұл ойындарды ұйымдастырудың үш тәсілін бір мезетте немесе белгілі бір дағдыны қалыптастыру да балалардың даму қарқынына сай кезең-кезеңмен қолдануға болады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын тәсілінің мына негізгі принциптерін ескеру керек:

- өтетін материалды игергенде бала тапсырманы ойын ретінде қабылдауы, қызығушылығының арттыру.
- ұжымдық, яғни балалар ұжымын біріңғай топтастыру.

- жеке және топтық тапсырмаларды қарсыластарынан бұрын шешу арқылы уақытты үнемдеу және достарына үлгі болу.
- әр ойынның мазмұнында жаңа элементтер болуы тиіс.

Қорыта келе, Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Ойын балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойын арқылы ұйымдастырылған оқу қызметі балаларға жеңіл әрі тартымды, әрі түсінікті болады. Ойын балалардың өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілетін дамытуға үйретеді. Ойын кезінде балалардың достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Балаларды жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеуге болады.

Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Дидактикалық материалдар жинағы» Құрастырған Абжапарова Б. К. 2014ж.
2. «Саусақ және тіл жаттығулары» Арман - ПВ баспаханасы Абдрахимова Г. Д. 2013ж.
3. «Отбасы және балабақша» №5.
4. «Отбасы және балабақша» №5. 2013ж.
5. Балабақшада ойнатылатын «Дидактикалық ойындар» жинағынан.

Физика пәнін үш тілде оқыту – жаңашылдықтың бастауы

М.М.Хасен,

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кемде қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Үш тұғырлы тіл саясатын дұрыс түсінбей, тек қана қазақ тілін қолданайық деп даурыға берудің қажеті жоқ. Одан да біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін қажеті-

не қарай үйренуіміз керек. Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазақ мектебінде оқыған жас қалада тұрғаннан кейін орыс тілін де білетіні айдан анық. Сонымен қатар, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», – деген болатын. Мейлінше, көп тілді меңгеру қажет, дегенмен өз ана тілімізді ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Қазақстандықтардың өскелең ұрпағына үш тілді меңгеру: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін халықаралық қатынас тілі ретінде білу мүмкіндігін жасауға деген ұмтылысы өте

дұрыс деп ойлаймын. Ағылшын тілі ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Еліміздің шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір мұғалімнің міндеті. Сондықтан ағылшын тілін білу жас ұрпақтың міндеті.

“Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында ағылшынша білімі бар мамандықтарды оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптар күшейтілуде. Сондықтан өз тәжіри-

бемізде ағылшын тілін өз бетімізбен оқып, жеке өз білімімізді толықтырып отыруды алға мақат қылып, оны өз сабақтарында қолдана білуіміз қажет. Ол үшін кез келген сабақты үш тілде сәлемдесуден бастаған жөн. Сәлемдесудің формасы ретіндегі сөз:

“Good-morning!” (“Good-afternoon!”, “Good-evening”).

Бұлай мұғалім мен оқушының арасында сәлемдесуге болады:

Күннің уақытын осылайша ажыратуға болады.

Good-morning!-таңертеңнен түске дейін!

Good-afternoon!-12-ден кешкі 6-ға дейін

Good-evening!-кешкі 6-дан түнге дейін.

«Адасқан әріптер» әдісі:

rechag	
wpero	
trurcen	
gtaveol	
imet	
kowr	
crstseinae	
tircuic	
eujlo	
scwtih	
iwer	
ytbaetr	

«Семантикалық карта» әдісі

Physical quantity	Abbreviation	Unit	Formula
mass			
		Cube meter	
density			
	t		
			S=vt
	v _{орт}		

Бұл тапсырманы орындау арқылы физикалық шамалардың үш тілде атауын, белгіленуін, өлшем бірлігі мен формуласын есте сақтайды.

Сабақта қолданған мұндай әдіс-тәсілдердің артықшылығы: оқушы білімді өзі жинақтайды; олар бірін-бірі оқытады; топта жұмыс жасайды; өз бетімен жұмыс жасайды; өзара ой бөліседі; бірін-бірі тексереді.

Ұстаздар осы жаңа әдіспен сабақ жүргізуді бәріміз бірдей қолға алып кіріссек, елімізді ең алдыңғы қатарлы елдер деңгейінен көрсете алар едік. Оқушыларымыз болашақта бірнеше тілде еркін сөйлеп, әлемнің алып елдерімен бірлесе жұмыс жа-

сап, техника мен ғылымды жетік меңгерген тұлға қалыптасатынына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Shulman, L.S. (2007). Good teaching [Жақсы оқыту]. Box content in S.Loeb, C.Rouse&F.Shorri (Eds.), Introducing the Issue, in The Future of Children, 17 (1), 6-7.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері. Монография-Алматы, 2012.
3. «Core Physics» Bryan Milner, Canbridge оқулығы

Қазақ түсінігіндегі эмоционалды интеллект ұғымы

М.А.Шудабаева, *Ақтөбе гуманитарлық колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы*

Н.Б.Тайпақова, *№5 Хромтау гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Аннотация: Мақалада білім сапасын арттыруда, жаһандық бәсекеге қабілетті тұлға дайындау негізінде қолға алынып жатқан «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курстарында қолданылатын негізгі эмоционалды интеллект ұғымына, оның қазақ халқы түсінігіндегі қалыптасуына талдау жасалады.

Сан алуан тараулы өмір жолында адам баласы үшін интеллект ұғымының маңызы зор. Олай дейтін себебіміз, адамның қоғамнан орын табуына, ең бастысы өзін-өзі танып, бақылауына, талдау жүргізуіне интеллектінің берері көп.

Психологтардың пікірінше, адам баласының танымы мен ақыл-ойы екі басты бағытқа бөлінеді:

- а) логикалық интеллект – пайым мен парасат, идея мен ақыл-ойға жауап береді;
- ә) эмоционалды интеллект – сезім мен эмоцияға негізделеді.

Қазіргі таңда әлем назары эмоционалды интеллектіге бет бұрып отыр. Өткен ғасырдың 90-жылдары американдық журналист Д.Гоулман: «Эмоционалды интеллект: IQ-дан да маңызды» - деп пікір білдіргеннен бері бұл ұғым кеңінен сөз болып келеді.

Адамзат баласы осынша назар аударуға тұрарлықтай болған бұл ұғымның қазақ түсінігіндегі болмысы қандай деген орынды сұрақ туады. Қазақ үшін даналық, ақыл-парасат, пайым деген ұғымдарды талдамай-ақ түсінуге болады. Ал сезім мен эмоцияны қалай басқару керектігі жөніндегі ұғым-түсініктер ше? Бұл ретте дала даналарының сөздерінен, яғни халық даналығынан мыңдаған, жүздеген мысалдар келтіруге болады.

Әйтеке бидің: «Ашу деген – ағын су, алдын ашсаң арқырар», - деген сөзі адамның эмоцияны басқаруына жол сілтеп тұрған жоқ па? Бұдан басқа қазақ халқында кездесетін «Ақылы аздың – ашуы көп, таяз судың тасуы көп», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Ақылды елге қарайды, ақылсыз өрге қарайды» деген нақыл сөздердің мәніне түсініп қарасақ, адам эмоциясының болмысын анықтап көруге болады. Кез келген қарым-қатынаста жағымды эмоция жетістікке жете алады. Бұдан біз халық түсінігінде де эмоционалды интеллектінің анық белгілері барын байқаймыз. Яғни, эмоционалды интеллект – өзіңнің сезімің мен эмоцияңды (қазақ

түсінігінде – ашу, ыза, беймағлұм күй, қаралы күй, кек) ұстай алу екені анық айтылған.

Бұл ретте ғалымдар Д.Майер мен П.Саловей: «Эмоционалды интеллекті жоғары адамдар тағайындалған қабілеттердің арқасында тезірек дамиды және олардың көбісін меңгереді», - дейді. Қазіргі білім беру жүйесінде бұл қабілеттің бізге берері мол. Бәсекеге қабілетті, ақпараттық қоғамға бейім, жаңа ғасырға дайын тұлғаны қалыптастыру – бүгінгі педагогтердің алдында тұрған басты міндет.

Сонау қазақ ағартушылары да, атап айтсақ, Ы.Алтынсарин білім беруде берілген білімнің толыққанды игерілуінде мұғалім мен оқушы арасындағы жағымды қарым-қатынасқа, оқушы көңіл-күйін бақылауға басты назар аударған. Ал қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы «Ақыл – жүректің суаты» десе, сөз зергері Бөлтірік шешен «Сөзінді тіліңе сөйлетпе, ақылыңды билет деп ақылды қолдана білудің, оны ашу үстінде басқар эмоционалды интеллектінің оқушы бойында білім беруде сыни тұрғыдан ойлай отырып қалыптастырудың маңызы зор. Мұны Питер Саловейдің сөзімен тарқатсақ: «Менің ойымша, алдағы онжылдықта эмоциялық құзыреттіліктер мен құзыреттілік үйде, мектепте және жұмыс орнында оң нәтижелерді болжай алатындығын көрсетеді. Нағыз қиындық - бұл эмоционалды ақыл-ойдың жеке және IQ сияқты ондаған

жылдар бойы өлшенген психологиялық конструкциялардың жоғары және жоғары деңгейде екенін көрсету. Менің ойымша, бұл эмоционалды ақыл-ой осы уәдеге ие». Кез келген ортада болмасын, қоғамда болмасын эмоционалды интеллекті жоғары адамның нәтижеге жетуі жиі кездеседі. Әлемнің бұл интеллектіні басты назарға қойып отырғаны да бекер болмаса керек. Қазақстанның жарқын болашағы үшін бүгінгі білім беру жүйесінде эмоционалды интеллектіні оқушы бойында қалыптастыру мәселесін ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыда негіздеудің берері көп деп есептеймін. Ақыл-парасаты толыққан, ерік-жігерін бағындыра алатын ұрпақтың саналы болмағы айтпаса да белгілі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майер, Кобб: «Эмоционалды ақпаратты өңдеу қабілеті, әсіресе эмоцияны қабылдау, ассимиляциялау, түсіну және басқарумен байланысты».
2. - «Эмоциялық интеллект бойынша білім беру саясаты: мағынасы бар ма?», 2000 ж
3. Д.Майер «Эмоциялық интеллект бойынша білім беру саясаты: мағынасы бар ма? Білім беру психологиясының шолуы, 2000, 163-183
4. Абай Құнанбаев Қалың елім қазағым: шығармалары / Абай Құнанбаев– Алматы: Жалын, 1995.– 382, [2] б.– (Әлем әдебиеті).– (Абай 150).

Қазақ тілін оқытуда ақпараттық-технологияларды қолданудың озық әдіс-тәсілдері қарапайым деңгейі: ай және апта күндері

Төлегенова Гүлсайран Нұрланқызы,

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы

Тілдерді оқыту орталығының оқытушысы

I кезең. Бағдарлау – мотивациялық кезең
Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

– тыңдаушылармен амандасу;

– тыңдаушылардың көңілдерін сабаққа аудару.



Сабақтың мақсаты: Қазақ тілін меңгерудің А1 деңгейінде тіл үйренушілердің тілдік-коммуникативтік дағдыларын дамытуда ақпараттық-технологияларды қолданудың тиімді пайдалану жолдарын көрсету.

Сабақтың кезеңдері:

– Сәлеметсіздер ме, құрметті тыңдаушылар! Сіздерді бүгінгі республикалық семинар-тренингімізде көргеніме қуаныштымын. Олай болса, сабағымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Сабақтың дәйексөзі:

«Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін»

Қытайдың даналық сөзі

Коммуникативтік тренинг

Инстаграм әлеуметтік желісіне кіріп, қызықты сергіту сұрақтарына жауап береді.

• Көңіл күйіңіз қалай?

• Керемет / Жаман емес / Шаршадым, оңша емес / Шүкір, жақсы

2. Жаңа сабақ:

Ой қозғау. Қызығушылықты ояту кезеңі.

«4 бейне, 1 сөз» әдісі.

Экранда сурет көрсетіледі, ол 1 мағына береді. – ай және апта күндерінің атаулары.

II кезең. Оператциялық – орындаушылық кезең.

Адамдар бір бірімен ауызбіршілікте, тату болу, ынтымақта өмір сүруі, өз қолында. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі-көмекке мұқтаж адамдарға жақсылық жасау, қамқорлық жасау.

Лексикалық минимум:

Ай аттары:

Қыс айлары – Зимние месяцы: желтоқсан – декабрь, қаңтар – январь, ақпан – февраль;

Көктем айлары – Весенние месяцы: наурыз – март, сәуір – апрель, мамыр – май;

Жаз айлары – Летние месяцы: маусым – июнь, шілде – июль, тамыз – август;

Күз айлары – Осенние месяцы: қыркүйек – сентябрь, қазан – октябрь, қараша – ноябрь.

Апта күндерінің аттары:

Дүйсенбі – понедельник, сейсенбі – вторник, сәрсенбі – среда, бейсенбі – четверг, жұма – пятница, сенбі – суббота, жексенбі – воскресенье.

Тәулік атаулары:

Таңертең – утро, күндіз – полдень, кеш – вечер, ночь – түн.

«Снемтон» әдісі: Сурет, графикалар арқылы тапсырма беру.

1-ші тапсырма. Оқыңыз. Прочтите.

Жыл мезгілдері

Бір жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз. Бір мезгілде үш ай бар. Жылда он екі ай бар. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан; көктем ай-

лары: наурыз, сәуір, мамыр; жаз айлары: маусым, шілде, тамыз; күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Әр айда төрт апта, әр аптада жеті күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Демалыс күндері – сенбі, жексенбі, қалған күндер – жұмыс күндері.

Сұрақтарға жауап беріңіз. Ответьте на вопросы.

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Бір жыл мезгілінде неше ай бар?
3. Бір айда неше күн бар?
4. Бір аптада неше күн бар?
5. Көктем мен күздің айырмашылығын айтыңыз.

6. Қыс пен жаздың айырмашылығын айтыңыз.
Из разбросанных букв составьте названия месяцев или дней недели.

Напишите

(Бір – біріне жұмбақ өлеңдер жазуға тапсырма береді.

Соль – ... (тұз), осень – ... (күз). Дорога – ... (жол), ветер – ... (жел). Интересно – ... (қызық), жарко – ... (ыстық). Гусь – ... (қаз), лето – ... (жаз). Есть – ... (бар), снег – ... (қар). Выиграй ... (ұт), облако – ... (бұлт).

Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн.

Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бір жандарға,
Ертемен, ақ пейілмен
«Қайырлы таң!»-деймін мен
Күндіз де елді елді елеймін
«Қайырлы күн!»-тілеймін
Үйге кешке келемін,
Недерімді білемін
«Кеш жарық!»-деп кіремін.

Грамматика

Мезгіл үстеуі. Наречие времени

Мезгіл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асу уақытын, мезгілін, мерзімін білдіреді. Қашан? қашаннан? Қашанға дейін сұрақтарына жауап береді.

Мезгіл үстеулері (наречия времени) обозначают время, период, сроки действия. Отвечают на вопрос когда? с каких пор? до каких пор?

Мысалы: ертең (завтра), бүгін (сегодня), кеше (вчера), биыл (нынче), былтыр (в прошлом году), таңертең (утром), түсте (в полдень), кешке (вечером), түнде (ночью), қазір (сейчас), соңыра (попозже), енді (теперь).

Жазылым

1. Көп нүктенің орнына керекті мезгіл үстеуді қойыңыз (бүгін, күні-түні, түнде, былтыр, ерте).

Вставьте вместо точек нужные мезгіл үстеу (бүгін, күні-түні, түнде, былтыр, ерте).

Сөйлесім

1. Туған жеріңіздің төрт мезгіліндегі ауа райы туралы айтыңыз.

Расскажите о погоде родного края по временам года.

5-ші тапсырма. Жылдам жауап беріңіз.

- Аптаның бірінші күні дүйсенбі? ИЯ
- Бір жылда он үш ай бар? ЖОҚ
- Қазір жылдың қыс мезгілі ма? ИЯ
- 3 ай демалыс қыста ма? ЖОҚ
- Қаңтар жаз айы ма? ЖОҚ
- 1 аптада 7 күн ба? ИЯ
- Ертең дүйсенбі күн бе? ЖОҚ
- Желтоқсан, қаңтар, ақпан қыс айлары ма? ИЯ

Сергіту сәті: Көзілдірік. Түрлі түсті. (4минут)
– Өзіңіздің кемшілік тұсыңыз қандай?

– Кемшілік тұсыңызды қалай жоюға болады?

– Өзіңізді дамытуға кім, не кедергі?

– Сіздің ең жаман қасиетіңіз?

– Сіз өзіңізді қандай адаммын деп есептейсіз?

– Сіз нешедесіз?

– Сіздің өміріңізде жасаған қателігіңіз нешеу?

Көзілдірігіңізді шешіңіз. Сіз жақсы адамсыз.

Сіздің өзіңіз білмейтің жақсы тұстарыңыз өте көп.

Психологиялық мағына

Көк. Сізде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналаңызға адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетіңіз баршылық. Сізден үздік администратор шығады.

Сары. Сізде әсемдікті көре білу қабілеті жоғары қалыптасқан, сондай – ақ шығармашылық қабілеті, ой – өрісіңіз дамыған. Сізде табиғи өткіройлылық бар, өз айналаңызға қабілетті адамдарды жинай аласыз. Сізге шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды.

Жасыл. Сізде адамгершілік жоғары дамыған. Сіз өз әріптесіңізді тыңдай аласыз және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесіз, басқаның ауартпалығына жәрдемдесу қабілетіңіз жоғары қалыптасқан. Сізге жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзіңізді олардан аулақ ұстайсыз.

Қызыл. Сізге басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатыңызға қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңізді жасайсыз. Өзіңізге сенімдісіз және

жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесіз. Айтқаныңыздан қайтпайсыз, абыройлысыз. Сіз қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесіз.

Бағалау: Тыңдаушылар бір-бірін бағалайды. Инстаграм желісі арқылы.

Рефлексия:

1. Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды?
2. Қандай жаңа түсініктермен таныстыңыздар?
3. Бүгін біз қандай нәтижеге жеттік?

Үй тапсырмасы: Бүгінгі өткен лексикалық минимум пайдалана отырып, Телеграм желісіндегі көркем фильмдер туралы эссе жазу.

Қорытынды сөз: Сау болыңыз!

«Ойын технологиясын онлайн қолдану арқылы қазақ тілін үйрену әдістемесі»

А.С.Темирова,

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы
Тілдерді оқыту орталығының оқытушысы
Н.Б.Тайпақова, №5 Хромтау гимназиясының
ағылшын тілі пәні мұғалімі*

XI ғасыр – дамыған өркениеттің, технологиялық мәдениеттің, ақпараттық қоғам дамуының алтын ғасыры. Осы бір адамзат дамуының жаңа кезеңіне оқыту жүйесі, білім беру үрдісі сай келуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеті адамның адамгершілік қасиеттерінің, жан дүниесінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына негіздеу, соған бағыттау болып табылатындықтан, уақыт талабы адамзаттың алдына, білім беру жүйесіне қатысты үлкен мәселелерді қойып отыр. Сондықтан білім беру мен оқыту үрдісін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын, жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану, жалпы білім беру реформасын жасау қажеттігі туып отыр.

Білім беру технологиясы білім берудің сапасын көтеруді, тиімді әдістер мен амал-тәсіл, формалар арқылы білім алушыны белгілі бір нәтижеге жеткізуді көздейді. Білім беру технологиясының жүйесін былай сипаттауға болады: Білім беру технологиясы = мақсат → міндеттер → әдістер (тәсілдер, құралдар) → оқыту формасы = нәтиже. Жоғарыда аталған талаптар өресінен Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Құдайберген Жұбанов, Маулен Балақаевтың ғылыми-әдістемелік

ойлары мен еңбектері шыға алады деп айтуымызға болады.

Қазір, технологиялардың дамуына байланысты қазақ тілін онлайн оқытуға көптеген мультимедиялық технологиялар бар. Бұл технологиялардың мақсаты- онлайн жүйеде сабақ беруде тыңдаушылары түсінікті болу үшін әдіс- тәсілдерді қолданып, тіл оқытуда тиімді болуына бағытталған. Онлайн оқытуда виртуалды тақталарды пайдалану тиімді. Мысалы: “Idro”, “RealTimeBoard” миро тақталары, “Quizlet” бағдарламасы, “Steam” жүйесі, “Socrative”, “Playposit”, “Thinglink” бағдарламалары онлайн оқытуда тиімді болып келеді.

RealTimeBoard - виртуалды тақталар веб сервисі. Бұл сервисі түрлі ақпарат көздерін, мысалы сөз, сурет, схема, график т.б.) салуға болады. Оның артықшылығы бір адам ғана емес бірнеше адам бірігіп жұмыс жасай алады. Демек тек жеке емес, топтық жұмыстарда да қолдануға болады. Миро қосымшасын ғаламтордан бөлек, App Store мен Play Market қосымшаларынан жүктеп алуға болады. Қосымшаны жүктеп алған соң, не ғаламтор арқылы кіргеннен кейін ең алдымен сіз тіркелімінен өту керек боласыз. Оған қалыпты жүйеде, яғни пошта арқылы, майкрософт аккаунты, Apple ID, Facebook арқылы тіркеле аласыз. Кейін сізге жаңа терезе шығады. Сол жерден new board деп жаңа тақтаны ашасыз. Сіздерді тақтаның қызметтік функцияларымен таныстырып өтейін, ол тақтаның сол жағында тұрады. Бірінші белгі ол біздің қарапайым тінтуір. Екінші белгі ол сұлба, график, диаграмма жасауға арналған. Үшінші белгі мәтін белгісі, қаріп таңдауға, ол қарапайым стикер. келесі

Геометриялық фигуралар (үшбұрыш, төртбұрыш дөңгелек) фигуралары бар, нұсқаулық яғни бағыттағыш стрелкалар. қалам, қарындаш, қылқалам, маркер, өшіргіш функцияларын қолдануға болады. Пікір, әр жазылған ақпаратқа, сөзге сөйлемге пікір қалдырып кетуге болады. Көлемі, бұл тақтаның көлемін өзгерту үшін қажет. Сақтаған кезде, сізде бірнеше таңдау болады, ол компьютер не ұялы телефоныңызда сақтауға, не сайтта, не арнайы файлда (гугл док). Сілтеме белгісі егер сіз басқа желіден сілтеме салатын болсаңыз осы белгі арқылы жасай аласыз және соңғы басқа қосымшалармен бірігу белгісі, бұл сіздің басқа қосымшалармен бірігіп жұмыс жасауға көмегін тигізеді. Мәселен зуум, майкрософт тимс, гугл док қосымшаларымен бірге қолдана аласыз. Осы миро тақтасы арқылы өзіміздің дәстүрлі «Үндемес» ойынын ұйымдастыруға болады. Сөйлем мен сөйлемдегі сөздердің байланысын өткенде, қайталағанда жүргізуге болады. Тыңдаушыларға, оқушыларға орны ауысқан сөздері бар сөйлемдер жазылады оларды дұрыстап жазу тапсырылады. Анам, әкелді, қызыл, алма, ұшады, жылы, құстар, жаққа. Оқушылар сөйлем дұрыс

құрып болған соң үндемей тақтаға өз нұсқасын жазады, егер қате жазылған жағдайда пікір белгісімен тыңдаушы дұрыс деген өз нұсқасын жазады.

«Мұғалім қай жерде қателесті?» ойыны

Мұғалім тақтаға сөзге қате жалғанған жұрнақтарды жазады. Тыңдаушылар сол қатені дұрыстауы қажет. Талапшы сөзі берілген. Тыңдаушылар ауызша немесе пікір арқылы өз жауабын айтады.







Ойын элементтері тыңдаушылардың қызығушылығын арттырып, тілді меңгеруде, материалды дұрыс түсінуге жол ашады. Ойын элементі тек қана тілді меңгеруде ғана көмегін тигізіп қоймай, сонымен қатар тыңдаушының сана-сезімінің артуына, жаңа сөздерді есіне сақтап қалуына көмектеседі. Егер ойын элементтері кеңінен қолданылса, тыңдаушының тілге деген көзқарасын кеңейтеді. Қазақ тілі сабақтарында ойын дұрыс ұйымдастырылса, дұрыс пайдаланылса тыңдаушылардың алған білімдерін шыңдап, шығармашылықта қолдануына және үлкен табыстарға жетуіне көмектеседі. Сондықтан ойын сабақтарында өте керек және пайдалы деген пікір айтуға болады.

Абай Құнанбайұлы. «Ескендір» поэмасы

А.С.Сугурбаева, №78 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.магистрі

Бөлім:	1-бөлім: «Өлең- сөздің патшасы»
Сыныбы: 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Абай Құнанбайұлы. «Ескендір» поэмасы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.1.5.1 шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: шығармадағы ұлттық құндылықтарды табады, әлемдік тақырыптармен үндестігін ашады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: әдеби шығармадағы ұлттық құндылықтарды әлемдік тақырыптармен үндесу себебін талқылайды, қосымша ақпараттарды игереді. Кейбір оқушылар орындай алады: шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашып, өз ой-тұжырымын жасайды.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады. Жетеуші сұрақтар: – бұл суреттердің Абай шығармасына қатысы неде деп ойлайсың? – неліктен олай ойлайсыз, ойыңызды дәлелдеңіз?	Сыныппен амандасу, ынтымақтастық атмосферасы. «Болжау» немесе «Суреттер сөйлейді» әдісі. Тапысарма. Берілген иллюстрациялық суреттерді қолданып, суреттердің мазмұнын түсіндіріп, бүгінгі сабақтың тақырыбын болжа.	ҚБ. Мұғалімнің бағалауы: Жарайсың! Бәрекелді! Тамаша!	   
Тапсырмаларды бере отырып, «Түртіп алу» әдісі арқылы шығармадағы берілген үзіндіден кейіпкерлерге сипаттама береді. Блум таксономиясының қолдану стратегияларын ескере отырып, оқушыларға «Эссе алгоритмі» ұсынылынып, эссе жазуда қолдау көрсетіледі. Қолдауды қажет ететін оқушылар көмек ретінде алгоритм беріледі.	Сабақ барысындағы әдіс-тәсілдер арқылы, дескриптор арқылы бағаланады	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.	АҚТ мен байланыс, көркем әдебиетпен байланыс
Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?		
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2.		



Менің талпыныстарым

С.Аманкелдина

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Өмірдің мақсаты. Адамның арманы, өзінің шынайы ашуға ұмтылысы.
Құндылық: Қасиеттері:	<u>Дұрыс әрекет</u> <i>Сенім, табандылық, мақсатқа жете білу</i>
Сабақтың мақсаты	Мақсаты: <i>әр оқушының өзіндік мүмкіндіктеріне сеніп, оларды қабілеттеріне орай дұрыс іс-әрекет етуі және талпыныс арқылы мақсатқа жету туралы түсініктерін тереңдету.</i>

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 3 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу, 5Т ережесі Тыныштық сәті: Нұрға бөлену	Амандасу		Слайд, оқулық, дәптер
Үй тапсырмасын тексеру: 3 мин	16-беттегі 5-тапсырманы тексеру		Мадақтау	
Дәйексөз: 5 мин	«Ізденген жетер-мұратқа» Халық нақылы 1. Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Адам алдына нақты мақсат қоя білуі керек. Мақсаты айқын адам оған қол жеткізуге талпынады. Мақсатқа жетуге талпыныс – адамды сенімді, жігерлі, күшті етеді.	Өз ойларымен бөлісу	Мадақтау сөздері арқылы	
Әңгімелесу: 8 мин	Мұғалім сыйы: Патшаның даналығы (Аңыз) Бір дана патша өмір сүріпті. Оған оның ұлы бір күні: – Әке сені елдің бәрі дана, көрегені көп, ақылды деп сыйлайды, сен осы сол даналықты қайдан оқып білдің, қандай кітаптар оқыдың, сені қандай мұға-лімдер оқытты,-деп сұрақ қояды. Сонда әкесі: – Ұлым мен ел оқыған, сен де оқып жүрген кітапты оқыдым. Менің де ұстаздарым сен білім алып жүрген ұстаздар болды. Бірақ ел айтып жүрген парасаттылық, ақылдылықты тек олардан ғана емес өмірден, табиғаттан да алдым.	Сұрақтарға жауап береді		

	<p>Құмырсқаларды байқап жүріп, олардың еңбекқорлығына, шыдамдылығына, қайтсе де алдыға қойған мақсатқа жетудегі талпыныстарына қызықтым. Бүркітке қарап байқағыштыққа, тез шешім қабылдай алушылыққа үйрендім. Барыстан – ептілік пен шыдамдылықты. Бөдене құсқа қарап сүйіспеншілікті үйрендім. Қор-шаған адамдарға қамқорлық жасап, сүйіспеншілікпен еңбектеніп жүрмін, – дейді. Нағыз даналық пен ақылдылық әр кезде біздің қасымызда жүреді. Тек адамның көзі, құлағы, жүрегінің есігі оған ашық болуы керек, – дейді.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жан-жануарлардан, құстардан қандай үлгі-өнеге алуға болады? • Сүйіспеншілікпен еңбектену дегенді қалай түсінесіңдер? 			
Шығармашылық жұмыс 7 мин	<p>1-тапсырма: Төмендегі сөздердің ішінен өзің не үшін талпыныс жасайтының ды, не нәрсеге ұмтылатыныңды таңдап жаз:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мейірімді болу үшін, – Әділ болу үшін, – Тәтті тамақ жеу үшін, – Жылтырақ киім дер кию үшін, – Терең білім алу үшін, – Адал еңбек ету үшін, – Өзімді өзім тану үшін 	дәптермен жұмыс	мадақтау	оқулық, дәптер
Топпен ән айту: 3 мин	Айгөлек Өлеңін жазған Нығмет Баймұхамедов Әнін жазған Бақытжан Байқадамов	ән айту		18-бет
Үй тапсырмасы: 2 мин	«Менің арманым» тақырыбында эссе жазу.			
Соңғы тыныштық сәті: 2 мин	Бүгінгі сабақтан алған игі қасиеттерімізді жүрегімізге қондырып, барлығымыз бірге Тыныштық, тыныштық, тыныштық бар жерде. Тыныштық, тыныштық, тыныштық бүкіл әлемде.		мадақтау	

«Тапқыр достар» сайысы

А.Махмутова, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясы

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, оқушылар, сайысқа қатысушылар! **«Тапқыр достар»** сайысына қош келдіңіздер.

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеушісі, түрколог, дарынды ақын – аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл толған мерейлі жыл.

Адамдық диқаншысы қырга шықтым;

Көл жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың, – деген сөздерді өз халқына арнаған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығына арналған бүгінгі сайысымызды өткізгелі отырмыз.

Бұл сайысқа екі топ қатысады:

1. «_____» тобы.

2. «_____» тобы.

Жүргізуші: Ал енді құрметті қонақтар әділ қазылармен танысытырып өтейін

Әділ – қазылар:

1. _____ 2. _____ 3. _____

Жүргізуші: Алдымен мақал – мәтел дегеніміз не? Қысқаша тоқталып өтсек: Мақал – мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді.

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі-жұмбақтар. Жұмбақтар заттың өзін айтпай, оның түр, түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырып ұстайды. Сондықтан да алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды-ЖҰМБАҚ дейміз.

Ендеше біз бүгінгі сайысымызды бастайық

1 – бөлім: «Сәлем – сөздің анасы»

Екі топ басшысы топтың атын, эмблемасын, ұранын таныстырады.

2 – бөлім: «Кім көп біледі?»

Қатысушы топтар мақал – мәтел айтудан жарысады. (1 минут уақыт беріледі, сол уақыттың ішінде топтар қанша мақал айтса, ұпай саны да соған қарап қойылады.

3 – бөлім: «Жалғасын тап»

(мақал – мәтелдің басы беріледі, қатысушы топтар мақалды жалғастырады)

1 – топқа:

1. Кітап – білім бұлағы,.... (білім – өмір шырағы)

2. Досы көпті жау алмас,....

(ақылы көпті дау алмас)

3. Әркімнің өз жері.....(жұмақ)

4. Еңбек етсең ерінбей,...

(тояды қарның тіленбей)

5. Жері байдың –... (елі бай)

6 .Батыр туса-ел ырысы,

(жаңбыр жауса жер ырысы).

7. Әдепті бала – арлы бала.....

(Әдепсіз бала – сорлы бала).

8. Еңбек етпесең, елге өкпелеме,.....

(Егін екпесең, жерге өкпелеме).

9. Қыз өссе – елдің көркі.....

(гүл өссе жердің көркі)

10. Мектеп-кеме.....(білім теңіз)

2 – топқа:

1. Ақыл – азбайтын тон,....

(білім – таусылмайтын кен)

2. Жүз сомың болғанша,.....

(жүз досың болсын)

3. Досы көпті жау алмайды,...

(ақылы көпті дау алмайды)

4. Еңбектің наны тәтті,...

(жалқаудың жаны тәтті)

5. Бірлігі жоқ ел тозады –...

(бірлігі күшті ел озады)

6. Бірлік болмай,

(тірлік болмас).

7. Ырыс алды,..... (ынтымақ).

8. Ердің атын..... (еңбек шығарады).

9. Әдепті бала ата-анасын мақтатар,

(..әдепсіз бала ата-анасын қақсатар)

10. Отан үшін.....(отқа түс-күймейсің)

4 – бөлім: «Кім тапқыр?» жұмбақ шешу.

1-топқа

Үй ішін аралап Қаптарды жарып,

Түнде көп жортады, Мысықтан қорқады

(тышқан)

Желден желігеді

Судан шегінеді. (от)





Бұрасаң тетігін, Өлшемін түн мен күн,
Соғады жүрегі. Әркім-ақ біледі. (сағат)
Еріксе, құйрығымен ойнайды,
Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. (мысық)
Ақпыз, сары, көкпіз, Жүреміз жайнап,
Түрлі, түрлі көппіз. Арасында шөптін,
(көбелек)
Күндіз білінбейді, түнде күлімдейді. (жұлдыз)
Жезге ұқсас сабағы,
Дәні халық тағамы (Бидай)
Екі аяқты, бір басты,
Жүгіреді тым қатты (Велосипед)
Білімнің дәнін тереді,
Балаға тәлім береді (ұстаз)
Сақалы жоқ, шашы бар,
Бет-аузы жоқ, басы бар
Белін бекем байлаған
Қоқысты қоймай айдаған (сыпырғыш)
Ақ жібек асыл көрпедей,
Қыс болса жерді жабады,
Жазғытұрым болғанда
Су болып сайға ағады. (Қар)
2-топқа
Отыз екі батыр,
Екіге бөлініп жатыр (тіс)
Балалар суға салған жіп
Тереңнен іліп алар жүк (Қармақ)
Бұрап қойған сағаттай,
Айғайлайды таң атпай (Әтеш)
Бетін адам ашады,
Білім нұрын шашады. (кітап)
Көше бойлап аяңдайды,
Адам тасып аялдайды. /автобус/
Әжем уыстап сығып


Далада кептірген.
Қатты әрі, дәмді
Көп жесең, шөлдеткен /құрт/
Күмбір-күмбір күйі бар
Құлағыңа құйып ал! /домбыра/
Тақылдатаып таңдайды
Уақыттан бір қалмайды /сағат/
5-бөлім «Өнер алды – қызыл тіл»
Мағынаны түсіндіру
1) Жұмыла көтерген жүк жеңіл.
2) Күлме досыңа келер басыңа.
6 – бөлім: «Даналық ойдан дән ізде»
Жүргізуші: Бұл бөлімде сандарды ретімен орналастырсаңдар, мақал-мәтел оқисыңдар.
1 топқа: кему ретімен.
Мектептің жүрегі – мұғалім.
М – 22, і – 2, е – 21, л – 3, к – 20, а – 4, т – 19,
п – 17, ғ – 5, ң – 14, ұ – 6, ж – 13, г – 9, ү – 12, р – 11,
е – 18, т – 16, е – 10, і – 15, м – 1, і – 8, м – 7.
2 – топқа: өсу ретімен.
Мектеп – кеме, білім – теңіз.
М-10, і-23, з-29, е-17, м-18, е-14, п-15, м-24,
т-25, е-19, б-20, е-11, к-12, е-26, л-22, і-21, т-13,
к-16, ң-27, і-28
Ойынымызды қорытындылай келе әділ – қазы алқасы жеңімпаз топты анықтағанша, ортамызға Жалғасбаева Әлияны шақырамыз
(Әлия өнер көрсетіп болғасын)
Сайыс қорытындысымен таныс болайық!
Жүргізуші: Осымен А. Байтұрсыновтың мерейтойына арналған әдеби кешіміз аяқталды. Келіп ат салысып қатысқан оқушыларға ризашылығымызды білдіреміз. Сау балыңыздар!

Табиғи ресурстар-ел байлығы

Л.Қ.Ормаханова, Ақтөбе қаласы, I. Есенберлин атындағы № 15 орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Класс	9
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т/А 9.1.3.1. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу. ӘТН 9.4.5.1. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелешуші, ойдың ара жігін ажырататын) ережеге сай қолдану




Сабақ мақсаттары	Барлық оқушы орындай алады: Мәтінді тыңдап, мазмұнын игереді. Негізгі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ажыратады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіндегі негізгі ақпаратқа өзіндік көзқарасын білдіреді. Құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін ережеге сай қолданады. Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтін бойынша сындарлы ойлап, тұжырым жасайды. Ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілері бар құрмалас сөйлемдерді құрастырады.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> Мәтінді тыңдайды. Негізгі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра алады. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін <u>ойдың ара жігін ажырататын</u> ережеге сай қолдана алады. 	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Мәтінді тыңдайды. Негізгі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра алады. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қояды Пәнге қатысты сөздік қор мен терминология: Табиғи ресурстар, шикізат, минерал, табиғи қорлар. Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: «менің ойымша» ..., «осындай деректерге сүйенсек».....» Қорытындылай келе... Талқылауға арналған сұрақтар: <ol style="list-style-type: none"> Елімізде жанармай ресурсы таусылған кездегі жағдайды елестетіп көріңіздер. Бұл неге әкеліп соғады? Қазақстанда су мәселесі бар ма? Мәселені шешу жолдарын ұсыныңыз. Табиғи ресурстарға кедей, бірақ экономикасы мен әлеуметтік жағдайы дамыған мемлекеттерге мысал келтіріңіз. 	
Құндылықтарға баулу	Жалпығы бірдей еңбек қоғамы құндылығын ала отырып, оқушыларды еңбексүйгіштікке, ауызбіршілікке баулу. Құндылықтарды дарыту. Жұпттық, топтық жұмыстарды жүргізу барысында табиғатты аялау, өз аймақтарының табиғат ресурстарын зерттеу арқылы жүзеге асыру.	
Пәнаралық байланыс	Биология, география, химия	
Алдыңғы оқу	«Екі дұрыс, бір бұрыс» әдісі арқылы оқушыларға сұрақ беріп, дұрыс, бұрыс жауаптарын тапқызу	
Сабақ барысы:		
Сабақтың оспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында суреттер көрсету арқылы сабақтың тақырыбын ашу. «Төрт сурет, бір сөз» әдісімен сұрақ қою. <ol style="list-style-type: none"> Бұл суреттерде не бейнеленген? Барлық суреттерге ортақ қандай тақырып болуы мүмкін? Топқа бөлу. Шартты белгілермен топқа бөлу 1-топ МҰНАЙ , 2-топ КӨМІР , 3-топ ГАЗ  мұнай  тас темір  табиғи газ	







<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>ТЖ. 1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі ақпаратты тауып, өмірлік мәселелермен байланыстыр. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері қандай қағидатқа байланысты қойылғанын тап.</p> <p>Дескриптор: – мәтінді тыңдайды; – негізгі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады; – құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қояды.</p> <p>Кері байланыс: «Атаулар туралы үш сұрақ» Мәтендегі термин сөздерге қатысты үш сұрақ қою.</p> <p>Қайда? Бұл терминді бұрын қай пәнде кездестірдің? Қалай? Өз тәжірибеңде осы атаудың қолданудың мысалын келтіре аласың ба? Қандай? Бұл мәтінде термин сөз қандай қолданыста тұр?</p> <p>ЖЖ. 2-тапсырма. Мәтінде қарастырылған деректерді топтастыр. «Қолжазба күнделігі» әдісімен тұжырымдаңдар. Өз пікіріңді құрмалас сөйлеммен беріп, тыныс белгілерін ережеге сай қолдан.</p> <p>Дескриптор: 1. Мәтінде қарастырылған деректерді топтастырады. 2. Өз ойларын тұжырымдайды. 3. Тыныс белгілерін ережеге сай қолданады. Кері байланыс. Алтын, күміс белгілерімен бағалау.</p> <p>ТЖ. 3-тапсырма. Топтың атымен аталатын табиғи ресурсқа талдау жаса, ойыңды тұжырымда (ресурс аты, қай топқа кіреді, өндірілетін жері, қолданылуы, таралу аймағы. Осы ресурс сіздің өлкеңізде кездесе ме?).</p>	<p>https://startinfo.kz/buisness/tabigat-resyrstahun-problemasu/</p>  
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Рефлексия: «Шамшырақ идеясы»</p> 	
<p>Қосымша ақпарат</p>	<p>Карта, шартты белгілер, суреттер, сөздіктер</p>	
<p>Саралау</p>	<p>Бағалау</p>	<p>Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>

	<p>Дескриптор: – Оқушылар табиғи ресурсқа талдау жасайды. – Ой тұжырымдайды.</p> <p>Кері байланыс. «Табыс көліктері» әдісі. Ең жылдам орындаған топ ұшаққа, орташа орындағандар Тальгопоезына, баяу орындағандар көлікке стикер жабыстырады.</p> 	
<p>Топтық, жұптық жұмыстың стратегияларын түрлендіріп отырамын. Тапсырманың өзектілігін ескеремін. Әсіресе мәтінге қатысты негізгі ақпаратты тануда, өмірлік мәселелермен байланыстыруда қабілетті жоғары оқушылар белсенділік танытты. Ал қабілеті төмен оқушылар тапсырманы шығармашылықпен орындауды үйренді.</p>	<p>Білім алушылар тапсырмалар орындаған соң кері байланыс арқылы бағаланды. «Атаулар туралы үш сұрақ», алтын, күміс белгілерімен, «Табыс көліктері» әдісін оң нәтижеге берді. Кері байланыстың әсерінен кейбір оқушылар өз олқылықтарын түзетуге мүмкіншілік алды.</p>	<p>Пәнаралық байланыс география, биология, химия. АКТ пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау. Топқа бөлуге арналған шартты белгілер, суреттер.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарлаған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?</p>	<p>Сабағым өз мақсатына жетті деп ойлаймын, өйткені сабақ өткізу барысында оқу мақсатына назар аудардым. осы мақсатқа сүйеніп, сабақ жоспарын құрдым. Оқушылар «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» тақырыбында мәліметтер алды. Сабақты қызықты өткізген тұстарым: әрбір ресурсқа топтың берген талдауы. Саралау кезінде қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетілді.</p> <p>Сондай-ақ жаңартылған білім беру курсынан кейін мен сабақтарымды түрлі формада ұйымдастыра білуді, оқушы білімін критерийлер арқылы бағалауды, айналаға сыни көзқараспен қарауды және оқушыға еркіндік бере отырып, пікірлерін тыңдай білуді үйрендім.</p>	
<p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты) 1: Ресурс атымен топқа бөлу. 2: Ойшақыру арқылы тақырыпты болжау.</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: Қызықты әдіс-тәсілдер. 2: Тақырыпқа сай күрделі тапсырмалар.</p> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? 1. Оқушыға еркіндік беру. 2. Сыни талдау дағдыларын дамытуды, қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек беру.</p>		

Көшпелілер-жауынгер халық

Ж.М.Жапақова, Темір ауданы, Темір қаласы, С.Байшев атындағы ЖОББМ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау. 5.4.5.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу			
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жаза алады.			
Тілдік мақсаттар	Көшпелілер, өркениет			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті			
Оқушының әрекеті	Бағалау			
Ресурстар				
Сабақтың басы 7 минут	Ұйымдастыру кезеңі: (Ұ) Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Сабақ мақсатымен таныстыру	Мақсаты: оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. Тиімділігі: оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.		Смайликтер
Сабақтың ортасы 30 минут	Сөздікпен жұмыс: Көшпелілер Өркениет 1. Жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіру. 2. Дұрыс айтуға дағдыландыру: мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;	Жаңа сөздерді тыңдайды, оқиды, мұғалім соңынан қайталайды. Оқушылар жаңа сөздермен сөз орамдарын, қарапайым сөйлем құрастырады. Жаңа сөздерді дәптерге жазады.	Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! 	Оқулық 74 бет сөздік слайд
	1-тапсырма Айтылым Суреттерге қара. Бұл суреттер саған қандай ой салды?	Айтылым Оқушылар суреттерге қарап, өз ойларын айтады. 	Дескриптор: – сұрақтарға жауап береді; – өз ойларын айтады;	Оқулық 74,75 бет

	2-тапсырма Жазылым Ассоциограмма. «Көшпелілерге» қатысты өзің білетін сөздерді жазып, диаграмманы толтыр. 	Диаграмманы толтырады.	Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! 	
	Оқылым, айтылым. 3-тапсырма. Полилог. Берілген мәтінді оқыңдар. Ол туралы ой бөлісіңдер. Ойбөлісте жіктеу есімдіктерін орынды қолдан.	Оқылым, айтылым. Мәтінді оқиды, мәтін туралы ой бөліседі, жіктеу есімдіктерін орынды қолданады.		Оқулық 75 бет
	Тілдік бағдар Есімдік Мұғалім есімдік, есімдіктің түрлері туралы ақпарат береді	Оқушылар есімдік туралы ақпаратты тыңдайды, мысалдар келтіреді.		Оқулық 75 бет
	Тыңдалым, оқылым 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы: «Жигсо»- «Бөлшекте, жинақта!».	Сынып үш топқа бірігеді. бір топтағы оқушылар №1, №2, №3 түрінде белгіленеді. 1-кезеңде әр топтағы балалар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлеріне сәйкес бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да мәтіннің мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сыныптың алдында қорғайды.	Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! 	Оқулық 75, 76 бет
	Жазылым 5-тапсырма Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын дәптеріңе жаз. Сол сөздердің антонимін айт.	Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын жазады, антонимін айтады.	Дескриптор: оқушылар сөздерді теріп жазады; - антонимін айтады;	Оқулық 77 бет
Сабақтың соңы 3 минут	Рефлексия (Ө) Әдісі: Кері байланыс Оқушылар сабақтан алған әсерлерін смайликтер арқылы көрсетеді.			
	Үй тапсырмасы: 6-тапсырма, 77-бет Бағалау. Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.			

«ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ»

Қош келдің, Наурыз!



Б.Т.Буркутова,
Ақтөбе облысының
білім басқармасы, Қобда
ауданының білім бөлімі
ММ, «Гаухар» бөбекжай-
бақшасы директоры

Іс-шара мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру; Балаларды елін, Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, киіз үй керегесі, ұлттық бұйымдар.

Барысы: Мейрам өтетін жер салт-дәстүрге байланысты жабдықталады. Балалар ұлттық киімдерімен келді. Киіз үй керегесінен сахна жасалынды.

Қыздар безендірілген залға билеп кіреді

Жүргізуші: Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!

*Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды,
Қарсы алайық Наурызды!
Наурыз тойын жұп жазбай,
Қошеметпен қарсы алып
Досқа құшақ ашайық,
Өлең жырға басайық,
Қазақтың бір салты деп
Тойға шашу шашайық!*

(Әже шашу шашады).

Әже: Бүлдіршіндерімізге қазақтың салт-дәстүрі туралы мағлұмат берді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, Наурыз мейрамына арналған ертеңгілікке қош келдіңіздер!

Балалар, Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтып берейік!



*Сәнді көктем - Наурыз!
Наурыз тойы жсырымыз
Көңілді гүлдей жайнасын
Құлтырсын күн мен ай
Құтты болсын Наурыз!
Уа, халайық, халайық
Әсем әнге салайық
Наурыз тойын көңілді
Бірге қарсы алайық!
Бата беріп атамыз,
Бата беріп әжеміз.
Тәтті болып жасаған,
Көжеден дәм татыңыз.*

«Ұлыс күні бата алсаң, сонда олжалы жыл болар»- дегендей, ауыл үлкендеріне наурыз көжеден дәм татқызып, ақсақал атамыздан да бата алдық.



Бата: Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда барсан, жол болсын!
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жәле жерге еңсін!

Хор: «Дастарқан»

Балалар, сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? (балалардың жауаптары) олай болса сендерді «Арқан тартыс» ойынына шақырамын.



Жүргізуші: Наурыз мерекесі ұлттық мерекеміз болғандықтан өз ұлтымыздың салт-дәстүрін айтпай кетпеске болмайды. Сіздерге «Тұсау кесу» рәсімін назарларыңызға ұсынамыз. Тұсау кесу бала тәй-тәй басқанда жасалатын думанды дәстүр. «Тұсау кесу рәсімі ұлға да, қыз балаға да жасалады. Тұсауды ала жіппен кеседі, ол біреудің «ала жібін аттамасын» деген ниет білдіреді. Жүйрік бол, шауып кет т.б. тілектерді айта отырып, баланың аяғына байланған тұсауды кесіп жібереді.



Хор: «Наурыз жыры».

*Осыншама жақсылық
Алып келген Наурызым!
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің.*

*Наурыз шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз
Сурет салып Наурызға,
Жарысалық бәріміз!*

Бүлдіршіндер «Наурыз» тақырыбына сурет салудан жарысқа түсті.

*Наурыз келді тамаша,
Ән айтамыз таласа.
Атам, әжем, той тойлап,
Қуанып жүр балаша,
Би билейміз тамаша.*

*Кел, балалар ойнайық
Наурыз тойын тойлайық
Баянды болып мереке
Қыр гүлдей жайнайық.*



Бүлдіршіндердің орындауында «Қара жорға» биі. Осыменен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік аяқталды. Көріскенше күн нұрлы болсын!

Алтын күз

А.Ж.Калкаева, «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ

Білім саласы: Қатынас
Бөлімі: Көркем әдебиет
Тақырыбы: Алтын күз
Мақсаты: Күз туралы білімдерін дамыту.

Күз туралы тақпақтар айта отырып баланың сөйлеу тілін дамыту.

ҰОҚ өтілу барысы

I. Психологиялық сұрақтар..

Кімге күз ұнайды, кімге ұнамайды?

Неліктен?

II. Ой қозғау.

Күз туралы суреттер.

– Күзде күн қандай болады?

– Жапырақтар неге түсіп жатыр?

– Түстері қандай

– Адамдар қалай киінген?

Тыныштық сәті (жәй музыка ойналады)

– Күз мезгілі. Таңертең ата-анаңызбен балабақшаға келе жатырсыз. Айналаға қарасаңыз, ағаштардың жапырақтары сарғая бастаған, жерде де қызыл – сары

- жапырақтар төгіліп жатыр. Бір кезде жаңбыр жауып кетеді. Адамдардың кейбіреуі қолшатыр ұстап барады.
- Ал, балалар көзімізді ашайық, күз мезгілі көз алдарыңа елестеді ме? Қанша күн суық болса да, әр мезгілдің өзіндік бір жылылығы, кереметтері болады екен. Алтын күз туралы, ерекшеліктері туралы әңгімелеу.
- Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
Суреттер бойынша әңгіме құрастыру (сұрақ-жауап арқылы)*
- Ғажайып сәт:
- Балалар, біреу есік қағып тұрғандай ма, қалай өзі?
- Есікті қағып «Қонжық аю» кіреді.
- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Сәлеметсіз бе, балалар бізге «Қонжық аю келіп қалыпты.
- Қонжық аю:
- Балалар, манадан бері сендердің мен туралы айтып жатқан әңгімелеріңді, тақпақтарыңды анадайдан естіп келе жатырмын. Менің сендерге арнаған бір тапсырмам бар.
- Күзде құстардың бәрі бірдей ұшып кетеді ме?
- Қалып қойған құстар тоңып қалмау үшін оларға ұя жасап, жем шашуымыз керек. Олай болса, балалар мына геометриялық пішіндерден ұя құрастырайық. (Пішіндерді көрсетіп түрін, түсін атау, орналасу ретін түсіндіру)



*Жылы жаққа ұшпайтын,
Біздің жақта қыстайтын.
Құстар жүрсе жуықта,
Жем шашуды ұмытпа.*

- Балалар, орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық!

Сергіту сәті

*Алтын сары күз келді
Желмен жаңбыр ап келді
Тырс-тырс-тырс,
Жапырақтар сарғайып,
жерге түсе бастады
шу-шу-шу*

– Қонжық аю сіздің тағы да тапсырмаңыз бар ма балаларға?

Қонжық аю:

– Балалар, сіздерге арнаған бір ойыным бар. *Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.*

Дидактикалық ойын: «Көкөністер мен жемістерді жина»

Ойынның шарты: араласып кеткен көкөністер мен жемістерді айырып, екі себетке бөліп салу, аттарын атау. Ал сол жинаған көкөністер мен жемістерді музыка әуенінде жан-жануралар кимылымен жүріп салу керек.

Қонжық аю: – Өте жақсы балалар, мен сендерге ризамын. Енді мен кетейін. Сабақтарыңды жақсы оқып, тәртіпті болыңдар. Сау болыңыздар!

- Сау болыңыз!
- Балалар, сендерге « Алтын күздің» ойындары мен тапсырмалары ұнады ма?
- тамаша.

Күз мезгілінде ауа райы салқын болады, жаңғыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түседі.

Сабақты қорытындылау, балаларды мадақтау.

Тіл ұстарту жаттығуы:

*Ер-ер-ер Жемістерді тер
Сұрағанын бер.
Ән-ән-ән Қамба толы дән
Әжем айтқан ән.*



«Балаларды ХХІ ғасырға мен қалай дайындаймын?»

М.К.Камысбаева, «Бөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Ш. Қалдаяқов ауылы

«Қазақстан ХХІ ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір құдірет – білім, білімді ұрпақ»

Н.Назарбаев

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жаңа мазмұнда білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курсына келгеніме қуаныштымын. Қуанышымның себебі, курстан алған әсерімнің, оқуымның мазмұндылығы еді.

Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа адам. Ол қоғамға кіргенде өз ойын еркін жеткізетін, қадамы нық, өз орны бар адам есебінде енуі тиіс. Біз тәрбиешілер бала бойында осындай даралық қабілеті бар ба-

Түсінеді: Күзде құстар жылы жаққа ұшып кететінін.

Қолданады: күзде жемістер, көкөністер піседі жинайды
*Қонжық аюға қысқы азық жинап жинаймыз,
Құстарға ұя жасаймыз, біз ақылды баламыз*

Дидактикалық ойын:

«Көкөністер мен жемістерді жина»

Ойынның шарты: араласып кеткен көкөністер мен жемістерді айырып, екі себетке бөліп салу, аттарын атау. Ал сол жинаған көкөністер мен жемістерді музыка әуенінде жан-жануралар кимылымен жүріп салу керек.

ланы шыңдап тәрбиелеп шығуымыз қажет. Міне, осы мақсатта мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің курстан өту барысында тренердің берген білімі жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруде, іс-тәжірибелерімен алмасуда зор маңызға ие болды. Кез-келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады.

Жаңаша білім берудің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету. Бұл курс барысында бағдарламаның мен үшін маңызды болған түйінді идеясы: «4К моделі», «Тұтас бала бейнесі», «Бала үні» болды. Сонымен қатар, курс кезінде қызықты жаттығуларды орындау, топта түйінді сұрақтарды талқылау, әріптестермен ой бөлісу өз жемісін берді. Себебі, өз пікіріңнен бөлек әріптестеріңнің пікірімен алмасып біліміміз толықты, жетілді. Осы курста үйренген барлық әдіс-тәсілдерді өз қоржыныма алдым, алдағы уақытта өз тәжірибемде қолданамын.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі ешқашан уақытта өз мағынасын жойған емес. Бұл бағдарлама арқылы бүлдіршіндеріміздің ақылы, білімі, мінезі жағынан озық көрсеткішке ие болған жарқын болашақ тәрбиелеп шығатынымызға сенімім зор!

Путешествие в страну независимости

Ж.Е. Абдуллина, ГККП «Ясли –сада»
«Карлыгаши», г.Кандыагаши Актюбинская обл.

Образовательная область: «Познание»,
Раздел: Естествознание

Цель: Формировать знания детей о Республике Казахстан, о Дне Независимости, о государственной символике. Внедрять в повседневную разговорную речь казахский язык. Показать обширность нашей Родины. Воспитывать чувство гордости, уважения и любовь к своей стране.

Методы: Словесный, объяснительно-иллюстративный.

Билингвальный компонент: Отан – Родина, Астана – столица, Мереке – праздник.

Звучит песня «Маленькая страна»

Хоть поверь, хоть сомневайся,

Есть чудесная страна.

Не найти её на карте,

До того она мала.

И живут в стране ребята,

Вот они народ какой!

На кого не кинешь взгляд ты-

Все дружны между собой!

Что же за страна такая

С населением из ребят?

Вы, наверно, догадались?

Ну, конечно, это наша группа «Растишка»!

Ребята мы сегодня с вами поговорим о нашей большой стране.

- А вы знаете как называется наша страна?
- 16 декабря 1991 года была образована независимая Республика Казахстан.
- Независимая – это значит самостоятельная.
- 16 декабря каждый год народ Казахстана в этот день отмечает праздник «День независимости»
- Слово праздник на казахский язык переводится – мереке.

Этот праздник день счастливый республики прекрасной
Встретят взрослые и дети в каждом доме, полном счастья!

- Как и в любой стране мира есть свои государственные символы. Есть они и у Казахстана – Герб, Флаг, Гимн.
- Сейчас мы с вами рассмотрим герб **внимание**

на доску

Какую форму имеет Герб?

В мире самой совершенной формой считается форма шара. А круг как самый близкий к этому совершенству элемент. Круг — это символ жизни, вечности.

Ну, а сейчас давайте мы с вами немного разомнемся.

Физкультминутка.

Раз, два, все вставайте,

Три, четыре, приседайте,

Пять, шесть повернись,

Семь, восемь подтянись,

Девять, десять не зевайте

А теперь давайте рассмотрим с вами изображение флага

– Какой формы флаг?

– Флаг представляет собой прямоугольное полотнище

– Какого цвета флаг?

– Флаг РК голубого цвета с изображением в его центре солнца с лучами, под которым – парящий степной орел. Слева – вертикальная полоса с национальным орнаментом.

Изображения солнца, лучей,

орла и орнамента – цвета золота.

– Ребята, в нашей независимой стране еще есть свой гимн

– Гимн это патриотическая песня. Давайте все вместе исполним гимн Казахстана.

Дигра «Собери флаг»



Надо из двух частей собрать государственный флаг

Если долго-долго-долго

В поезде нам ехать

Если долго-долго-долго

На Казахстан нам смотреть,

То увидим мы тогда

**И леса, и города,
Ленты рек, озёра, горы.
Мы увидим даль без края,
И поймём тогда, какая
Наша Родина большая,
Необъятная страна.**

Родина – переводится на казахский язык – Отан. Давайте споем песню «Отан» на каз. языке

– Ребята, обратите внимание, как широки и необъятны казахстанские просторы! Как много вокруг полей, лесов, морей и рек! А сколько больших городов и маленьких деревушек!

Велика наша страна – Казахстан!

Бросив в будущее взгляд

Взмыл, как песня над землёй

Родины столичной град,

Что зовётся Астаной.

А сейчас она зовётся Нурсултан

– Ребята, о каком празднике мы сегодня с вами говорили?

Дорогие ребята! Любите свою Родину – большую и малую. Старайтесь побольше узнать о её людях, историю, берегите её природу, храните её обычаи и традиции!

– У казахов есть хороший обычай: любое хорошее событие сопровождается «Шашу»– разбрасывание конфет на счастье, благополучие (в этот момент, воспитатель достаёт маленькую бумажную юрту наполненную конфетами и угощает всех детей)

– Так и я вам всем желаю «Денсаулық зор болсын, бақыт болсын, достық болсын». Счастья, дружбы, здоровья»

«Менің отбасым»

Ә.А.Сәрсенбаева, Мәртөк ауданы,
«Нұрсәт» балабақшасы

Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;

Білімділік: балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

Дамытушылық: әр түрлі тапсырмалыр, ойындар арқылы, мақал-мәтел жаттатқызу арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізуге, үш тілділікке үйрету.

Тәрбиелік: үлкендерді сыйлауға, кішілерді құрметтеуге, қамқорлыққа, бір-бірімізге жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: отбасы суреттері, балалардың отбасылық фотосуреттері, дидактикалық ойын «Бұл кімге тиісті», интерактивті тақта.

Қостілдік компонент: отбасы-семья-family, ана-мама-mother, әке-отец-father

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі: “Қайырлы күн” деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз. Көңілді өтер күніміз.	Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді.
Іздену ұйымдастырушылық	Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілместің келуі». Балалар қарандаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті. – Сәлеметсің бе Дымбілмес? Дымбілмес: – Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына	Балалар аң-таң болып қарайды. Сәлеметсіз бе.

<p>қабылдайды. /жылайды/ Енді қайттым, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес.</p> <p>– Дымбілмес жылама, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе?</p> <p>– Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары:</p> <p>1-жұмбақ: Кім отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз. Әулиедей аялап, Ардақтаймыз бәріміз!</p> <p>2-жұмбақ: Кім менің асыл жан Жақсылыққа үйретіп, Жамандықтан шектейді. Кімге ешкім жетпейді!</p> <p>3-жұмбақ: Кімменің ардақты Алтыннан да салмақты Қиын-қиын жолдардан Қорықпаймын ол барда Кім деген ардақты ат Өтемін оны ардақтап.</p> <p>4-жұмбақ: «Кімім» – деп балаң жырғын арнаған Неге гана естімеген тәтті үнін Кімім менің – өмірдегі тірегім Кімім менің – кеудемдегі жүрегім Егер менің қасымда сен болмасаң Бұл өмірде қалай гана жүремін.</p> <p>Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық. Дымбілмес: – Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылда- нам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болыңдар. – Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз? – Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері.</p> <p>Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын,бізді әркезде қолдап,қол ұшын беріп,көмектесетін,ақыл айтатын,жаман мен жақсыны,оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар./баяу ән қосылып тұрады/ Қане балалар,біраз сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті: Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз.</p>	<p>Иә, көмектесейік. Қол ұшымызды береміз.</p> <p>Ата-дедушка- grandfather</p> <p>Әже-бабушка- grandmother</p> <p>Әке-отец-father</p> <p>Ана-мама-mother</p> <p>Сау болыңыз.</p> <p>– Отбасы,отбасы мүшелері.</p> <p>Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам.</p>
---	---

<p>Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық? Иә, дұрыс айтасыңдар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың,і нілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме? /отбасы мүшелерін айта отырып баларға сурет- терін көрсету/ Жақсы, ендеше балалар сендерге үйге әрине, ата-аналардың көмегі арқылы отбасылық сурет галереясын жасап келулеріңді ұсынғам. /көрмеге назар аударамыз/ Жақсы балалар, кім маған өз отбасы туралы айтып береді? Дидактикалық ойын. «Қай зат кімдікі»</p> <p>Шарты: Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып жанына қояды./тапсырма интерактивті тақта арқылы орындалады./</p> <p>Мақсаты: ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиесілі екенін табуға, балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтыңдар. Балалар, ерте заманнан мынандай мақал бар «Ақылды қария – ағып жатқан дария». Бұл мақалды қалай түсінесіңдер. Міне, мынау қария-ол ағамыз. Ата дегенде бірден ойға қандай ой келеді. Керемет балалар. Иә, біздің отбасымызда ең үлкені, сыйлыда сыйымды, ақылшымыз,ол әрине қариямыз-ағамыз. Ал, дария дегенді қалай түсінеміз. Өте жақсы Аяулым. Суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз «дария» аталатындығын түсіндірме сөздіктен білеміз. «Дария біздің елдің ұғымында теңізден кіші, өзеннен үлкен су». Ал, су балалар таза болады,су бір орнында тұрмай сарқылып ағып жатады екен. Ендеше қариямыз дариядай жылдар бойы жинаған ақылын бізге айтып отырады екен. Ендеше балалар осы мақалды жаттап алайық. «Ақылды қария – ағып жатқан дария».</p>	<p>Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.</p> <p>Әке, аға, ана, әже, ата туралы. Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз. Томирис, Инжу, Дарина, Айдын, Султан өз отбасы жайлы ата-аналармен жасалған альбомдарын көрсетіп, өз отбасы туралы шағын әңгімелеп береді. Данияр байлауышты алып әженің жанына апарып орналастырады. Мусаэль көзілдірік пен кітапты атаның жанына апарып орналастырады. Балалар ойынды қызыға ойнайды.</p> <p>Дария: Менің ағам өте ақылды адам. Асанали: Ал менің ағам мені еркелетеді. Жадыра: Менің ағам мен қалаған затты алып береді. Мусаэль: Менің ағам маған көп әңгімелер мен ақылдар айтады.</p> <p>Аяулым: дария таза дегенді білдіреді «Ақылды қария – ағып жатқан дария» балалар бірнеше рет қайталап айтады.</p>
<p>– Балалар бүгін біз кімдер туралы айттық? Ойын: «Жылулық лебізі» Балалар бәріміз жулулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіңдер. Мысалы мен балама «күн шуағым» деп айтам. – Міне, балалар қандай әдемі жылы сөздермен сендерді отбасыларың аялап айтады,біздің жылулық шеңберімізде жылы лебізбен толы болды. – Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы</p>	<p>Отбасы мүшелері туралы</p> <p>Дарина: жаным менің. Султан: күнім менің. Айару: жапалағым менің. Бекарыс: арыстаным менің. Перизат: жаным мен сені жанымдай жақсы көремін.</p>

Рефлек- сивті- корри- гиялық	деп ойлайсыңдар? Жақсы сөздермен қорытын- дылайық. Сендердің ата –аналарың, туыстарың жандарыңда, ал сендер бақыттысыңдар ма? Ендеше баріміз бір дауыспен «Біз бақытты балалар»әнімен оқу қызметін аяқтайық.	– Тату-тәтті, бақытты, қуанышқа толы, мейірімге толы. – иә Балалар көтеріңкі көңіл-күймен айтып береді.
------------------------------	--	---

Болжамды нәтиже:

Білу керек: Өз отбасы мүшелерін танып білуді, отбасы мүшелерін олардың аталуын, сұраққа жауап бере алады, көмек көрсете біледі.

Істей біледі: Өз ойларын жеткізе алады, суретпен жұмыс жасай алады,интерактивті тақтамен жұмыс істей алады. Өз ойларын емін-еркін айта алады, мақал-мәтелмен жұмыс жасай алады.

Сиқырлы сандар

А.А.Абдаловна, *Мәртөк ауданы,
«Нұрсәт» балабақшасы тәрбиешісі*

Сабақтың тақырыбы: Сиқырлы сандар

Сабақтың мақсаты: Балаларға 1 – ден 10-ға дейін тура және кері саната отырып, әрбір санның неге ұқсайтындарның елестету арқылы сандардың қасиеттерін түсіндіру. Жұп және тақ сандарды, санның көршісін, жыл мезгілін, апта күндерін табуға,- санамақтар мен қисынды есептерді бере отырып, есте сақтау, логикалық ойлау қасиеттерін дамыту. Шапшандыққа, әдептілікке үйрету.

Сабақтың көрнекілігі: суреттер, сандар.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, бүгін біздің сабағымыз ерекше сабақ болғалы отыр, өйткені біздің сабағымызда апайлар қонаққа келіп отыр.Сабағымызды жақсы көңіл – күймен бастайық.

Амандасу: *Армысың, асыл күн!*

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, адамзат!

Армысың, жан досым!

Жылуыма жылу қос!

Міне, менің қолым.

– Балалар біз математика сабағында 1 – ден 10-ға дейін санай білеміз. Енді бүгін осы сандардың қасиетімен танысайық.

- Балалар енді осы сандарды 1 – ден 10 – ға дейін тура,кері санаймыз.
- Бір жылда неше ай бар?
- Бір жылда он екі ай бар?
- Олар: қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан.
- Қазір қандай ай? Сәуір айы. Нешесі?
- Бір жылда неше мезгілі бар?
- Төрт мезгілі бар. Олар: қыс, көктем, жаз, күз.
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем.
- Көктем туралы кім тақпақ біледі?
- Қандай құстарды білесіңдер?
- Балалар енді қазір біз сандар туралы тақпақ айтамыз.

Мақсат: Мені келсе білгің,

Мен таяқша бірмін.

Ата-әжеме жол бастап,

Оң қолымда жүрмін.

Анель: Бірден кейін тұрамын,

Сандар іші тұрағым.

Әндемілеп, жазғанда,

Аққу болып шығамын.

Аяна: Екіден соң әр қашан,

Үш саны болып қаламын.

Қос мүйізім майысқан,

Ұлттық ою саламын.

Данияр: Сызықтардан тұратын,

Таяқшалар құрадық.

Орындықты төңкердік.

Оны бестен кем көрдік.

Гүлсауле: Мен бес деген алыппын,

Өздеріңе таныспын.

Шөптерді оңай оратын,

«Бес» сияқты орақпын.

Жұлдыз: Үйіңнен шығарда,

Кілтіңді ұмытпа.

Жатып та, тұрып та,

«Алты» ұқсар құлыпқа.

Ажар: «Жеті» шалғы баяғы,

Жалғыз оның аяғы,

Математика елінде,

Алтыдан кезін тұрады.

Нұрислам: Сегіз – екі жүзіктен,

Құралғанын біліп пе – ең.

Басы менен шегі жоқ.

Ондай сиқыр көріп пе – ең.

Маржан: Цирктен келген өнерпаз,

Акробатшы сан тоғыз.

Бірде тоғыз, бірде алты.

Өнерге ел құмартты.

Арнұр: Ештеңе жоқ болса да,

Саннан кейін ноль тұрса.

Ондық, жүздік, мыңдықтар,

Оннан кейін жалғасар.

Балалар, өте жақсы тақпақты жақсы айттыңдар. Енді осы сандардың өзі екіге бөлінді. Жұп сандар, тақ сандар болып. Жұп сандар жұптасып келеді -2 ден, ал тақ сандар бір саннан тұрады.

Алма ағашы туралы ауызша есептеу.

Алма ағашында 10 алма

5-ін бердім Аянаға

Қалған екен неше алма? (Бес)

Мына алты сары алма

Данияр мен Аянаға

Үш қызылы Ажарға

Жасыл алма Жасыланға

Қанша сонда бар алма. (Он)

– Балалар қазақтарда 7 саны қасиетті саны.

Мектепке бала 7 жастан барады, аспанда

7 қарақшы бар, 7 қазына, 7 шелпек нанын

пісіреді, 1 аптада – 7 күн бар, 7 – ата.

Қорытынды: Сонымен балалар біз қандай сандарды өттік (жұп сандар, тақ сандар) тақ сандар 1,3,5,7,9 жұп сандар 2, 4, 6, 8, 10. Осы сандарды қайталап бүгінгі сабағымызды « санамақ» әнімен қортындылаймыз.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ТАҚТАСЫ

Құрметті оқырман!

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының №1 (27) санын 2022 жылғы 28-наурызда шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

- 1. Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.
- 2. Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.
- 3. Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т. б. беріледі.
- 4. Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.
- 5. Тәрбиеші жазбалары:** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см, сол жағынан 2 см, оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, кегль 12, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23–25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, ortaluktil@mail.ru электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №1 (27) санына материалдар **2022 жылғы 10-наурызға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41–69–34.

«Khabar-Servise» JŞS baspahanasynda basylġan.

Qazaqstan Respublikasy, Aqtöbe qalasy, Smagulov köşesi, 9/2.

Tel.: 8 (7132) 545–545, 400–400.